


HP Color LaserJet CP1510 Сериялы Принтер

Пайдаланушы нұсқаулығы



HP Color LaserJet CP1510 Сериялы Принтер Пайдаланушы нұсқаулығы



Авторлық құқық және лицензия

© 2007 Copyright Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Авторлық құқық жөніндегі заңдарға сәйкес жағдайлардан басқа кезде, алдын ала жазбаша түрде алынған рұқсатсыз, көшіруге, бейімдендіруге немесе аударуға рұқсат етілмейді.

Мұнда берілген ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

HP өнімдері мен қызметтеріне берілетін кепілдіктер осындай өнімдер мен қызметтерге берілетін тікелей кепілдік жөніндегі мәлімдемелерде ғана көрсетілген. Бұл құжаттағы мәлімдемелер қосымша кепілдік ретінде қабылданбауы тиіс. HP бұл құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер немесе кемшіліктер үшін жауап бермейді.

Бөлік нөмірі: CC378-90919

Edition 3, 11/2007

Тауар белгілерінің тізімі

Adobe®, AdobePhotoShop® және PostScript® Adobe - Systems корпорациясының тауар белгісі.

ENERGY STAR® және ENERGY STAR логотипі® Америка Құрама Штаттарының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Басқармасының АҚШ аумағында тіркелген белгілері болып табылады.

Corel® - Corel Corporation немесе Corel Corporation Limited компаниясының тіркелген тауар белгісі.

Microsoft®, Windows® және Windows®XP Microsoft корпорациясының АҚШ-та тіркелген тауар белгісі.

Windows Vista™ - Microsoft корпорациясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе өзге елдердегі тауар белгісі немесе тіркелген тауар белгісі.

Мазмұны

1 Негізгі сипаттамалары

Өнімдерді салыстыру	2
Өнім мүмкіндіктері	3
Жалпы көрінісі	5
Алдыңғы көрінісі	5
Артқы және жаңғы көрінісі	5
Басқару панелінің жалпы көрінісі	6
Модель және сериялық нөмірлері	7

2 Бағдарламалық құрал

Өнімнің бағдарламалық құралы	10
Қолдаулы операциялық жүйелер мен принтер драйверлері	11
Қосымша драйверлер	12
Баспа параметрлерінің басымдылығы	13
Принтер драйверін ашып, баспа параметрлерін өзгертіңіз	14
Бағдарламалық құралды Windows операциялық жүйелерінен өшіріңіз	16
Утилиталар	17
Windows арналған бағдарламалық құралдар	17
HP ToolboxFX	17
Macintosh арналған бағдарламалық құралдар	17
PostScript Printer Description (PPD) (PostScript Принтер Сипаттамалары) файлдары	17
Өнімді Macintosh жүйесін пайдалана отырып конфигурациялау	17
Мәртебе Сигналдық хабарлары бағдарламалық құралы	17
Желілерге арналған бағдарламалық құрал	18
HP Web Jetadmin	18
Енгізілген веб-сервер	18
Linux	18

3 Қағаз және баспа құралы

Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы	20
Қолдау көрсетілетін қағаз және баспа құралдарының өлшемдері	21
Қолдануға болатын қағаз түрлері мен науа сыйымдылығы	23
Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар	25
Науаны өнімнен тартып шығарып, барлық қағазды алып тастаңыз.	27

4 Кіріс/Шығыс конфигурациясы

USB байланысы	30
Желіге жалғау	31
Желі конфигурациясы	32
Өнімді орнатыңыз және оны желіде пайдаланыңыз	32
Желі портына жалғану конфигурациясын (тікелей режимді немесе тең құқықты құрылғыларда басып шығару) баптау	32
Енгізілген веб-серверді немесе HP ToolboxFX пайдаланыңыз.	33
Жүйе кілтсезін орнату	33
Өнімнің басқару панелін пайдалану	33
ТС/ІР параметрлерін конфигурациялау	33
Қолмен конфигурациялау	34
Автоматты түрде конфигурациялау	34
ІР адресін басқару панелінде көрсету немесе жасыру	35
Жад картасын бірлесе пайдалану	35
Автоматты қиылысты орнату	35
Желі қызметтерін орнату	35
Стандартты мәндерді қалпына келтіру (желі параметрлері)	36
Қолдаулы желілік протоколдар	36
ТСР/ІР	37
Интернет Протокол (ІР)	37
Тапсыруды Басқару Протоколы (ТСР)	37
ІР адресі	38
ІР параметрлерін конфигурациялау	38
Хостты динамикалық конфигурациялау протоколы (DHCP)	38
BOOTP	38
Желі бөліктері	38
Желі бөлігінің маскасы	38
Шлюздер	39
Стандартты шлюз	39

5 Баспа тапсырмалары

Windows принтер драйверінің мүмкіндіктерін пайдаланыңыз	42
Баспа драйверлерін баспа құралының түрі мен өлшеміне сәйкес келетіндей өзгертіңіз	42
Принтер Драйверінің Анықтамалығы	42
Баспа тапсырмасынан бас тарту	43
Windows жүйесінде ішінде басып шығару сілтемелерін құрып, пайдалану	43
Буклеттерді басып шығару	44
Баспа сапасының параметрлері	44
Арнайы баспа құралына басып шығару	45
Құжаттар өлшемдерін өзгерту	45
Баспа бағытын орнату	46
Су таңбаларын пайдаланыңыз	46
Екі жаққа да басу (қолмен дуплекстеу)	47
Windows жүйесінен бір параққа көп бетті басып шығару	47
Macintosh принтер драйверінің мүмкіндіктерін пайдаланыңыз	49
Mac OS X жүйесінде алдын ала белгіленген параметрлерді құру және пайдалану	49
Мұқаба бетті басып шығару	49
Қағаздың бір бетіне бірнеше бетті басып шығару	50

Түс опцияларын баптаңыз	50
Баспа сұрауын тоқтату	51
Ағымдағы баспа тапсырмасын өнімнің басқару панелінен тоқтату	51
Ағымдағы баспа тапсырмасын бағдарламалық құралдан тоқтату	51
6 Басқару панелі	
Басқару панелінің мүмкіндіктерін түсіну	54
Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз	56
Мәзірлерді пайдалану	56
Есептер мәзірі	56
Жүйені орнату мәзірі	57
Желі конфигурациясы мәзірі	59
Қызмет мәзірі	60
Өнімнің басқару панелін бір ортада пайдаланыңыз	61
7 Түс	
Түсті басқару	64
Сұр шәкілде басып шығару	64
Түсті автоматты немесе қолмен реттеу	64
Қолмен реттелетін түс опциялары	64
Түс тақырыптары	65
Жетілдірілген түстерді пайдалану	66
HP ColorSphere тонері	66
HP ImageREt 3600	66
Баспа құралын таңдау	66
Түс опциялары	66
Стандартты қызыл-жасыл-көк (sRGB)	67
Түстер сәйкестігі	68
HP ToolboxFX Microsoft Office Негізгі Түстері палитрасында басып шығару үшін пайдаланыңыз	68
HP Basic Color Match tool (HP Негізгі Түсті Теңестіру құралы)	69
HP негізгі түсті теңестіру құралын ашу үшін HP ToolboxFX пайдаланыңыз	69
8 Фото	
Жад картасын енгізіңіз	72
Жад картасының стандартты параметрлерін өзгерту	74
Фотосуреттерді тікелей жад картасынан басып шығару	75
Жад картасының индексін басып шығару	77
PictBridge	78
9 Басқару және күту	
Ақпараттық беттерді басып шығару	82
HP ToolboxFX	83
HP ToolboxFX көру	83
Мәртебе	84
Оқиғалар журналы	84
Сигналдық хабарлар	84
Орнатпа Мәртебесінің Сигналдық хабарлары	84
Электрондық пошта сигналдарын орнату	85

Өнім туралы ақпарат	85
Анықтамалық	85
Құрылғы Параметрлері	86
Құрылғы туралы ақпарат	86
Қағазды Қолдану	87
Басып шығару	87
PCL 5c	87
PostScript.	87
Фото	87
Баспа Сапасы	88
Print Density (Баспа Қоюлығы)	88
Қағаз Түрлері	88
Кеңейтілген баспа режимдері	89
Жүйені орнату	91
Қызмет	91
Желі параметрлері	91
Жадбықтар дүкені	91
Басқа байланыстар)	91
Енгізілген веб-серверін пайдалану	92
Енгізілген веб-серверді желілік қосылысты пайдалана отырып ашыңыз	92
Енгізілген веб-сервер бөлімдері	92
Өнімді Macintosh жүйесін пайдалана отырып конфигурациялау	95
Жабдықтарды басқару	96
Басып шығару картриджін сақтау	96
HP -емес баспа картридждеріне қатысты HP саясаты	96
алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі және Web-сайты	96
Автоматты түрде жалғастыру	96
Баспа картридждерін ауыстыру	98
Жадпен жұмыс істеу	101
Өнім жады	101
DIMM модульдері орнату	101
Жад және қаріп DIMM модульдерін орнату	101
Жадты қосу	103
Windows жүйесінде жад қосу	103
DIMM орнатылуын тексеріңіз	104
Өнімді тазалау	105
Аппараттық құралды жетілдіру	106

10 Мәселелерді шешу

Негізгі Ақаулықтарды түзету тізімі	108
Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар	108
Басқару панелінің және мәртебенің сигналдық хабарлары	109
Кептелу	116
Кептелулер орнын басу	116
Кептелудің жиі кездесетін себептері	116
Кептелуді тазалау	118
1-науа ішінде кептелу	118
2-науа ішінде кептелу	119
Термобекіткіш жанындағы кептелу	120

Шығару науасындағы кептелу	121
Баспа сапасының мәселелері	123
Баспа сапасын жақсарту	123
Баспа ақаулықтарын танып түзетіңіз	123
Баспа сапасы мәселелерінің бақылау кестесі	123
Негізгі баспа сапасының мәселелері	124
Түсті құжаттардағы мәселелерді шешу	128
Баспа сапасының мәселелерін шешу үшін HP ToolboxFX пайдаланыңыз	130
Өнімді тексеру	131
Тиімділік мәселелері	132
Өнім бағдарламалық құралының мәселелері	133
Macintosh мәселелері	134
Mac OS X мәселелерін шешу	134

Қосымша А Жабдықтар және керек-жарақтар

Қосалқы бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру	138
Тікелей HP компаниясына тапсырыс беру	138
Қызмет немесе қолдау қызметтері арқылы тапсырыс беріңіз	138
Тікелей HP ToolboxFX бағдарламалық құралы арқылы тапсырыс беру	138
Бөлшек номерлері	139

Қосымша В Қызмет және Қолдау

Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі	142
Баспа картриджінің шектеулі кепілдігі жөніндегі мәлімдеме	144
HP Тұтынушыларды Күту қызметі	145
Онлайн Қызметтер	145
Телефон арқылы қолдау көрсету	145
Бағдарламалық құрал утилиталары, драйверлер және электрондық ақпарат	145
Керек-жарақтар немесе жабдықтарды HP тікелей тапсырыс беру	145
HP қызметі жөніндегі ақпарат	145
HP қызмет көрсету жөніндегі келісімдері	146
HP ToolboxFX	146
Macintosh компьютерлеріне арналған HP компаниясының қолдауы және ақпараты	146
HP техникалық қызмет туралы келісімдері	147
HP Care Pack™ Қызметтері және Қызмет туралы Келісімдері	147
Кеңейтілген кепілдік	147
Өнімді қайта қаптамалау	148
Қызметтік ақпарат қалыбы	149

Қосымша С Ерекшеліктер

Физикалық ерекшеліктері	152
Жұмыс ортасының ерекшеліктері	153
Электрлік ерекшеліктер	154
Қуат тұтыну ерекшеліктері	155
Акустикалық қуаты	156
Қағаз және баспа құралысы	157
Ассиметриялық ерекшеліктері	158

Қосымша D Нормативтік ақпарат

FCC ережелері	160
Қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы	161
Қоршаған ортаны қорғау	161
Озон өндіру	161
Тұтынылатын қуат	161
Қағаз пайдалану	161
Пластмасса	161
HP LaserJet баспаға арналған қамсыздандыру құралдары	161
Қайтару және қайта пайдалану туралы ақпарат	162
Америка Құрама Штаттары мен Пуэрто-Рико	162
Бірнеше картриджді қайтару (екіден сегіз картриджге дейін)	162
Бір ғана картриджді қайтару	162
Тасымалдау	162
Картридждерді АҚШ-тан басқа елдерде/аймақтарда қайтару	162
Қағаз	163
Материалдарға қойылатын шектеулер	163
Еуропа Одағы аумағындағы жеке үйлерде тұратын пайдаланушылардың жабдық қалдықтарын тастауы	163
Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS)	163
Қосымша ақпарат алу үшін	163
Сәйкестік декларациясы	164
Қауіпсіздік мәлімдемелері	165
Лазерлік қауіпсіздік	165
Канада Сауда Министрлігінің ережелері	165
Кедергілер жөніндегі жапондық ерікті бақылау кеңесінің мәлімдемесі (Жапония)	165
Электр сымы жөніндегі мәлімдеме (Жапония)	165
Электромагниттік кедергілер жөніндегі мәлімдеме (Корея)	165
Финляндия үшін лазерлік қауіпсіздік жөніндегі мәлімдеме	166
Заттар кестесі (Қытай)	166
Индекс	169

1 Негізгі сипаттамалары

- Өнімдерді салыстыру
- Өнім мүмкіндіктері
- Жалпы көрінісі

Өнімдерді салыстыру

HP Color LaserJet CP1510 Сериялы Принтер

- Монохромды (ақ-қара) баспада минутына Letter өлшемді баспа құралының немесе A4 өлшемді баспа құралының 12 бетіне (бет/мин) дейін; және түсті баспаның 8 бет/мин басып шығарады
- Бір парақтан берілетін негізгі слот (1-науа) және 150 парақтық кіріс науасы (2-науа)
- Жоғары жылдамдықты әмбебап тізбекті шина (USB) 2.0 порты
- 10Base-T/100Base-TX желілеріне қосылу үшін енгізілген желіге қосылу мүмкіндігі
- Тек фото бейнелеуші модельде (n1)
 - Фото жад картасының слоты
 - PictBridge слоты


Өнім мүмкіндіктері

Баспа	<ul style="list-style-type: none">• Letter-өлшемді және A4 өлшемді беттерді түсті баспада минутына 8 бетке (бет/мин) дейін және ақ-қара баспада 12 бет/мин дейін шығарады.• 600 нүкте/дюйм (н/д) басып шығарады.• Баспа сапасын оңтайландыру үшін реттелмелі баптауларды қамтиды.• Баспа картридждері HP ColorSphere тонерін пайдаланады. Картридж басып шығара алатын беттер саны жөніндегі ақпаратты www.hp.com/go/pageyield сайтынан қараңыз. Іс жүзіндегі өнімділігі пайдалану ерекшеліктеріне байланысты.
Жад	<ul style="list-style-type: none">• 96 мегабайттық (МБ) оперативті жадпен (RAM) жабдықталған. <p>Өнім жадын жетілдіру жөніндегі ақпаратты алу үшін Жадпен жұмыс істеу 101-бетте қараңыз.</p>
Қолдаулы операциялық жүйелер	<ul style="list-style-type: none">• Windows 2000• Windows XP Home/Professional• Windows Server 2003 (32 биттік нұсқа ғана)• Windows Vista• Mac OS X V10.28 және кейінгісі
Қағазды қолдану	<ul style="list-style-type: none">• 1-науаның бір парақтан берілетін негізгі слоты• 2-науаға 150 бет баспа құралы немесе 10 конверт сыяды.• Шығыс науасына 125 бет баспа құралы сыяды.
Принтер драйверінің мүмкіндіктері	<ul style="list-style-type: none">• ImageREt 3600 бизнес мәтіндерінің немесе графикасының 3600 н/д жылдам, жоғары сапалы баспасын қамтамасыз етеді.
Интерфейс жалғанулары	<ul style="list-style-type: none">• Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты қамтиды• 10Base-T/100Base-TX желілеріне қосылу үшін енгізілген желіге қосылу мүмкіндігі.
Қоршаған орта мүмкіндіктері	<ul style="list-style-type: none">• Осы өнімнің ENERGY STAR® біліктілік жағдайын білу үшін Өнімнің Анықтамалық Деректер Тізімін немесе Ерекшеліктер Тізімін қараңыз.
Үнемді баспа	<ul style="list-style-type: none">• N-басу мүмкіндігін (бір параққа бірнеше бетті басуды) қамтамасыз етеді.• Принтер драйвері екі жаққа да қолмен басу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
Жабдықтар	<ul style="list-style-type: none">• HP ColorSphere тонері бар баспа картридждерін пайдаланады.
Қол жетімділігі	<ul style="list-style-type: none">• Онлайн пайдаланушы нұсқаулығын мәтіндік экраннан оқу құралдарымен пайдалануға болады.• Баспа картридждерін бір қолмен орнатуға және шешуге болады.• Барлық есіктер мен жабындарды бір қолмен ашуға болады.
PictBridge USB порты (тек HP Color LaserJet CP1518ni)	<ul style="list-style-type: none">• Үйлесімді камераны немесе бейнекамераны жазылған бейнелерді тікелей басып шығару үшін тікелей қосу мүмкіндігін береді.
Жад картасының слоты (тек HP Color LaserJet CP1518ni)	<p>Төмендегідей жад карталары бар:</p> <ul style="list-style-type: none">• CompactFlash (CF) 1-түрі және 2-түрі• Memory Stick, Memory Stick PRO және Memory Stick Duo

-
- MultiMedia Card (MMC)
 - Secure Digital (SD)
 - xD Picture Card
-


Жалпы көрінісі

Алдыңғы көрінісі



1	Шығыс науасы (стандартты қағаздың 125 парағы салынады)
2	Алдыңғы есік (баспа картридждеріне қол жеткізу үшін)
3	1-науа (бір парақтан берілетін негізгі слот) және кептелуге өте есігі
4	2-науа (стандартты беттердің 150 парағы сыяды)
5	Басқару панелі
6	Жад картасының слоты және PictBridge порты (HP Color LaserJet CP1518ni)
7	DIMM есігі (қосымша жад қосу үшін)

Артқы және жанғы көрінісі




1	Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты және желі порты
2	Артқы есік (кептелу орнына қол жеткізу үшін)

3	Ажыратқыш
4	Қорек көзіне жалғау

Басқару панелінің жалпы көрінісі

Өнімнің басқару панелінде төмендегідей тармақтар бар.




1	Ready (Дайын) шамы (жасыл): Ready (Дайын) шамы өнім басып шығаруға дайын болғанда жанады. Ол өнім деректерді қабылдағанда жыпылықтайды.
2	Attention (Назар аударыңыз) шамы (сары): Attention (Назар аударыңыз) шамы баспа картриджі босағанда немесе өнім пайдаланушының назарын қажет еткенде жыпылықтайды. ЕСКЕРІМ: Attention (Назар аударыңыз) шамы біреуден баспа картриджі босағанда <i>жыпылықтамайды</i> .
3	Басқару панелінің дисплейі: Дисплейде өнім жөніндегі ақпарат көрсетіледі. Өнім параметрлерін белгілеу үшін дисплей мәзірін пайдаланыңыз. Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз 56-бетте қараңыз.
4	Баспа картридждерінің өлшем бірліктері: Бұл өлшемдермен әр баспа картридждің (қара, сары, көгілдір және қызыл) қолдану деңгейін көрсетеді. Қолдану деңгейі белгісіз жағдайда ? таңбасы шығады. Ол төмендегідей жағдайларда болуы мүмкін: <ul style="list-style-type: none"> • Баспа картриджі жоқ немесе қате орнатылғанда. • Баспа картриджі ақаулы кезде. • Баспа картриджі HP емес баспа картриджі болуы мүмкін.
5	Left arrow (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) батырмасы: Осы батырманы мәзірмен шолу немесе дисплейдегі мәнді азайту үшін пайдаланыңыз.
6	OK батырмасы: OK батырмасын төмендегі әрекеттерді орындау үшін басыңыз: <ul style="list-style-type: none"> • Басқару панелінің мәзірлерін ашыңыз. • Басқару панелінің дисплейіндегі қосымша мәзірді ашыңыз. • Мәзір тармағын таңдаңыз. • Кейбір қателіктерді өшіріңіз. • Басқару панеліндегі кеңеске жауап ретінде (мысалы, басқару панелінің дисплейіне [OK] to print (Басып шығару үшін [OK]) жазуы шыққанда) баспа тапсырмасын бастаңыз.

7	Right arrow (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасы: Осы батырманы мәзірмен шолу немесе дисплейдегі мәнді көбейту үшін пайдаланыңыз.
8	Back arrow (Артқа бағыт көрсеткіш) (←) батырмасы: Бұл батырманы төмендегі әрекеттерді орындау үшін пайдаланыңыз: <ul style="list-style-type: none"> • Басқару панелінің мәзірлерінен шығыңыз. • Қосымша мәзірлер тізімінде алдыңғы мәзірге қайтыңыз. • Қосымша мәзірлер тізімінде алдыңғы мәзір тармағына (мәзір тармағына өзгертулер енгізбей) қайтыңыз.
9	Cancel Job (Тапсырмасынан бас тарту) (X) батырмасы: Осы батырманы назар аудару шамы жыпылықтағанда баспа тапсырмасынан бас тарту үшін немесе басқару панелінің мәзіріне шығу үшін басыңыз.

Модель және сериялық нөмірлері

Модель нөмірі мен сериялық номер алдыңғы есіктің ішіндегі жапсырмада көрсетілген.

Жапсырмада өнімнің шығарылу елі/аймағы және тексеру деңгейі, өндірілген күні, өндірістік коды және өндірістік нөмірі жөніндегі ақпарат берілген. Оған қоса, жапсырмада номиналды қуаты мен реттеуші ақпарат көрсетілген.




2 Бағдарламалық құрал

- [Өнімнің бағдарламалық құралы](#)
- [Қолдаулы операциялық жүйелер мен принтер драйверлері](#)
- [Қосымша драйверлер](#)
- [Баспа параметрлерінің басымдылығы](#)
- [Принтер драйверін ашып, баспа параметрлерін өзгертіңіз](#)
- [Бағдарламалық құралды Windows операциялық жүйелерінен өшіріңіз](#)
- [Утилиталар](#)

Өнімнің бағдарламалық құралы

Баспа жүйесінің бағдарламалық құралы өніммен бірге жеткізіледі. Орнатуға қатысты нұсқауларды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

Баспа жүйесіне түпкі пайдаланушыларға және администраторларға арналған бағдарламалық құралды және өнім мүмкіндіктеріне өтуге және компьютермен байланысуға арналған принтер драйверлерін қамтиды.

 **ЕСКЕРІМ:** Желі администраторының бағдарламалық құрал компоненттері бар желі орталары тізімін [Желі конфигурациясы 32-бетте](#) қараңыз.

Принтер драйверлерінің тізімін және жаңартылған HP өнімдері бағдарламалық құралдарын табу үшін www.hp.com/go/ljcp1510series_software өтіңіз.

Қолдаулы операциялық жүйелер мен принтер драйверлері

Өнім PCL 6 және HP postscript 3-деңгейлі эмуляция PDL драйверлерін пайдаланады.

Операциялық жүйе ¹	Желіні қолдау	PCL 6	HP postscript 3-деңгей эмуляциясы
Windows 2000	✓	✓	✓
Windows XP Home/Professional	✓	✓	✓
Windows Server 2003	✓	✓	✓
Windows Vista	✓	✓	✓
Mac OS X V10.28 және кейінгісі	✓		✓

¹ Барлық драйверлер мен операциялық жүйелерде өнім мүмкіндіктерінің барлығы болмайды.


Қосымша драйверлер

Келесі драйверлер шағын дискте жоқ, бірақ www.hp.com/go/ljcp1510series_software алуға болады.

- Linux драйверлері

Баспа параметрлерінің басымдылығы

Баспа параметрлеріндегі өзгертулер жасалу орнына байланысты басым болады:

 **ЕСКЕРІМ:** Командалар мен диалог терезелерінің атаулары бағдарламалық құралыңызға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- **Бет параметрлері диалог терезесі:** Осы диалог терезесін ашу үшін **Page Setup** (Бет параметрлері) немесе өзіңіз жұмыс істеп отырған бағдарламаның **File** (Файл) мәзірінен ұқсас команданы таңдаңыз. Осы жерде жасалған өзгертулер кез келген өзге жерде жасалған параметрлерге қарағанда басым болады.
- **Баспа диалог терезесі:** Осы диалог терезесін ашу үшін **Print** (Баспа), **Print Setup** (Бет параметрлері) немесе өзіңіз жұмыс істеп отырған бағдарламаның **File** (Файл) мәзірінен ұқсас команданы таңдаңыз. **Print** (Баспа) диалог терезесіндегі өзгертулер басымдылығы төмен және **Page Setup** (Бет параметрлері) диалог терезесінде жасалған өзгертулердің орнын *баспайды*.
- **Принтер қасиеттері диалог терезесі (принтер драйвері):** Принтер драйверін ашу үшін **Print** (Баспа) диалог терезесіндегі **Properties** (Қасиеттері) тармағын ашыңыз. **Printer Properties** (Принтер қасиеттері) диалог терезесіндегі параметрлерді өзгерту принтердің бағдарламалық құралының кез келген өзге жерінде жасалған өзгертулердің орнын баспайды.
- **Стандартты принтер драйверінің параметрлері:** Баптаулар **Page Setup** (Бет параметрлері), **Print** (Баспа) немесе **Printer Properties** (Принтер қасиеттері) диалог терезелерінде *өзгертілмесе*, стандартты принтер драйверінің параметрлері барлық баспа тапсырмаларында қолданылатын параметрлерін білдіреді.

Принтер драйверін ашып, баспа параметрлерін өзгертіңіз

Операциялық Жүйе	Бағдарламалық құрал жабыдғанша принтердің барлық тапсырмаларының параметрлерін өзгерту үшін	Принтердің барлық тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту үшін	Құрал конфигурациясының параметрлерін өзгерту үшін
Windows 2000, XP, Server 2003 және Vista	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бағдарламалық құралдың File (Файл) мәзірінен Print (Басып шығаруды) таңдаңыз. 2. Драйверді таңдап, одан кейін Properties (Қасиеттері) немесе Preferences (Таңдауларды) басыңыз. <p>Адымдар өзгеріп отыруы мүмкін; сипатталған процедура ең тараған болып табылады.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Басыңыз Start (Бастау), Settings (Параметрлер) батырмасын басыңыз және одан кейін Printers (Принтерлер) мәзірін (Windows 2000) немесе Printers and Faxes (Принтерлер және Факстер) мәзірін (Windows XP Professional және Server 2003) немесе Printers and Other Hardware Devices (Принтерлер және өзге Құралдар) мәзірін (Windows XP Home) таңдаңыз. <p>Windows Vista үшін Start (Бастау) батырмасын, одан кейін Control Panel (Басқару Панелі) батырмасын және ең соңында Printer (Принтер) батырмасын таңдаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін Printing Preferences (Басып шығару Таңдаулары) мәзірін таңдаңыз. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Басыңыз Start (Бастау), Settings (Параметрлер) батырмасын басыңыз және одан кейін Printers (Принтерлер) мәзірін (Windows 2000) немесе Printers and Faxes (Принтерлер және Факстер) мәзірін (Windows XP Professional және Server 2003) немесе Printers and Other Hardware Devices (Принтерлер және өзге Құралдар) мәзірін (Windows XP Home) таңдаңыз. <p>Windows Vista үшін Start (Бастау) батырмасын, одан кейін Control Panel (Басқару Панелі) батырмасын және ең соңында Printer (Принтер) батырмасын таңдаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін Properties (Таңдаулылар) мәзірін таңдаңыз. 3. Device Settings (Құрал Параметрлері) жиекбелгісін таңдаңыз.
Mac OS X V10.28 және кейінгісі	<ol style="list-style-type: none"> 1. File (Файл) мәзірінен Print (Баспа) командасын таңдаңыз. 2. Драйверді таңдаңыз, содан соң Properties (Қасиеттер) немесе Preferences (Артықшылықтар) батырмасын басыңыз. <p>Қадамдар өзгеріп отыруы мүмкін; сипатталған процедура жалпы болып табылады.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. File (Файл) мәзірінен Print (Баспа) командасын таңдаңыз. 2. Пайда болған түрлі мәзірлердегі керекті параметрлерді өзгертіңіз. 3. Пайда болатын Presets (Алдын ала белгіленген параметрлер) мәзірінде Save as (Ретінде сақтау) таңдап, алдын ала белгіленетін параметрге атау беріңіз. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. System Preferences (Жүйе ерекшеліктері) тармағын ашыңыз. 2. Print & Fax (Баспа және Факс) тармағын таңдаңыз. 3. Принтер тізімінен өнімді таңдаңыз. 4. Printer Setup (Принтерді Баптау) тармағын таңдаңыз.

Операциялық Жүйе	Бағдарламалық құрал жабыдғанша принтердің барлық тапсырмаларының параметрлерін өзгерту үшін	Принтердің барлық тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту үшін	Құрал конфигурациясының параметрлерін өзгерту үшін
		Бұл параметрлер Presets (Алдын ала белгіленген параметрлер) мәзірінде сақталады. Жаңа параметрлерді пайдалану үшін бағдарламаны әрбір ашқан және басып шығарған кезде сақталған алдын ала белгіленген параметр опциясын таңдауыңыз керек болады.	

Бағдарламалық құралды Windows операциялық жүйелерінен өшіріңіз

1. **Start** (Бастау) батырмасын басып, одан кейін **All Programs** (Барлық Бағдарламалар) басыңыз.
2. **HP** ашыңыз, содан кейін **HP Color LaserJet CP1510 Сериялы** басыңыз.
3. Бағдарламалық құралды өшіру үшін **Uninstall** (Жою) батырмасын басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Утилиталар

Windows арналған бағдарламалық құралдар

HP ToolboxFX

HP ToolboxFX сіз төмендегідей тапсырмаларды орындау үшін пайдалана алатын бағдарламалық құрал болып табылады:

- Өнім мәртебесін тексеру
- Жабдықтарының мәртебесін тексеру және жабдықтарға онлайнда тапсырыс беру
- Жөндеу сигналдық хабарлары
- Белгілі бір өнімге және жабдықтарға қатысты ескертулерді электрондық пошта арқылы бекіту
- Өнім параметрлерін көру және өзгерту
- Өнім құжаттамасын көру
- Ақаулықтарды жою және күту құралдарына қол жеткізу

Өнім тікелей компьютеріңізге қосылғанда немесе желіге қосылғанда HP ToolboxFX көруге болады. HP ToolboxFX пайдалану үшін, ұсынылған бағдарламалық құралды орнатыңыз.

Macintosh арналған бағдарламалық құралдар

HP орнату бағдарламасы PostScript Printer Description (PPD) (PostScript Принтер Сипаттамалары), Printer Dialog Extensions (PDEs) (Принтердің Диалог Кеңейтулері) файлдарымен және Macintosh компьютерлерін пайдалануға арналған конфигурациялық құрылғы бағдарламалық құралымен қамтамасыз етеді.

PostScript Printer Description (PPD) (PostScript Принтер Сипаттамалары) файлдары

PPD, Apple PostScript принтер драйверлерімен үйлестірілгенде өнім мүмкіндіктеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді. PPD және өзгедей бағдарламалық құралдарына арналған орнату бағдарламасы өнімнің ықшам дискісінде жеткізіледі.

Өнімді Macintosh жүйесін пайдалана отырып конфигурациялау

Өнімді Macintosh жүйесін пайдалана отырып конфигурациялау туралы ақпаратты алу үшін [Өнімді Macintosh жүйесін пайдалана отырып конфигурациялау 95-бетте](#) қараңыз.

Мәртебе Сигналдық хабарлары бағдарламалық құралы

Мәртебе Сигналдық хабарлары бағдарламалық құралы өнімнің ағымдағы жағдайы жайлы ақпаратты береді.

Оған қоса, бағдарламалық құрал науа босап қалған немесе өнімде ақау туындаған жағдайлар сияқты нақты жағдай туындағанда жайылмалы сигналдық хабарлар береді. Сигналдық хабар мәселені шешу туралы ақпаратты қамтиды.

Желілерге арналған бағдарламалық құрал

HP Web Jetadmin

HP Web Jetadmin бағдарламасы браузерге негізделген сіздің жергілікті жүйеңіздегі желіге жалғанған принтерлерді басқару құралы болып табылады. Ол тек желі администраторының компьютеріне ғана орнатылуы тиіс.


HP Web Jetadmin ағымдағы нұсқасы мен қолдаулы хост жүйелерінің ең соңғы тізімін жүктеу үшін www.hp.com/go/webjetadmin сайтына кіріңіз.

Хост серверіне орнатылғанда кез келген клиенті қолдаулы веб-браузерін (Microsoft® Internet Explorer 6.x немесе Netscape Navigator 7.x немесе кейінгісін) пайдалана отырып, HP Web Jetadmin жүйесіне кіре алады.

Енгізілген веб-сервер

HP Color LaserJet CP1510 Сериялы принтер өзі және желілік қызметі туралы ақпараты бар енгізілген веб-серверімен жабдықталған. Бұл ақпарат Microsoft Internet Explorer, Netscape Navigator немесе Macintosh ОЖ Safari сияқты веб-браузерлерінде шығарылады.

Енгізілген веб-сервері өнімде орнатылған. Ол желілік серверге жүктелмеген. Ешқандай арнайы бағдарламалық құрал орнатылмаған немесе конфигурацияланбаған, бірақ компьютеріңізде қолдаулы веб-браузер болуы тиіс.

 **ЕСКЕРІМ:** Macintosh жүйесінің пайдаланушылары енгізілген веб-серверін (EWS) баспа кезегін көргенде **Utility** (Утилиты) батырмасын басу арқылы аша алады. Бұл әрекет пайдаланушыға EWS кіру мүмкіндігін беретін Safari сияқты веб-браузерді іске қосады. Оған қоса, EWS ішіне желілік IP адресін немесе DNS атауын тікелей веб-браузерде теру жолымен кіруге болады.

Оған қоса, автоматты түрде орнатылатын HP USB EWS Шлюздік бағдарламалық құралы өнім USB кабелі арқылы жалғанған жағдайда веб-браузеріне өніммен байланысу мүмкіндігін береді. USB кабелі пайдаланылған жағдайда EWS ішіне веб-браузері арқылы кіру үшін **Utility** (Утилиты) батырмасын басыңыз.

Енгізілген веб-сервердің мүмкіншіліктері мен қызметтерін толық түсіну үшін [Енгізілген веб-серверін пайдалану 92-бетте](#) қараңыз.

Linux

Ақпарат алу үшін www.hp.com/go/linuxprinting бетіне өтіңіз.

3 Қағаз және баспа құралы

- Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы
- Қолдау көрсетілетін қағаз және баспа құралдарының өлшемдері
- Қолдануға болатын қағаз түрлері мен науа сыйымдылығы
- Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар
- Науаны өнімнен тартып шығарып, барлық қағазды алып тастаңыз.

Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы

Осы құрылғы осы пайдаланушы нұсқаулығында баяндалған талаптарға сай келетін түрлі басып шығарғыш арқауларымен жұмыс істеуге арналып жасалған. Аталған талаптарға сай келмейтін қағазды немесе арқауларды пайдалану мынадай салдарға әкеліп соғуы мүмкін:

- басып шығару сапасының төмендеуі;
- қағаздың жиі кептеліп қалуы;
- құрылғының механикалық бөлшектерінің мерзімінен бұрын тозып, соның салдарынан оның жиі жөнделуі;


Ең жоғары нәтиже алу үшін, тек қана HP сауда белгісімен шыққан қағазды және лазерлі принтерлерге арналған немесе әмбебап баспа құралдарды пайдаланыңыз. Ағынша принтерлері үшін жасалған қағазды немесе баспа құралдарын пайдаланбаңыз. Hewlett-Packard компаниясы басқа сауда белгілерімен шыққан баспа құралдарын пайдалану жөнінде ұсыныс жасай алмайды, себебі HP олардың сапасын бақылай алмайды.

Кейбір жағдайларда тіпті осы пайдаланушы нұсқаулығында баяндалған талаптарға сай келетін қағазға басып шығарған кезде де, басып шығару сапасының қанағаттанарлықсыз болуы байқалады. Мұндай қиындық арқауды дұрыс қолданбаудың, қолайсыз температура мен ылғалдылық жағдайында пайдаланудың, сондай-ақ Hewlett-Packard компаниясының бақылауы мүмкін емес басқа да мән-жайлардың салдарынан орын алуы мүмкін.

△ **ЕСКЕРТУ:** HP компаниясы белгілеген талаптарға сай келмейтін арқауды пайдалану басып шығарғыштың зақымдалуына және оны жөндеу қажет болуына әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай жөндеуге Hewlett-Packard компаниясының кепілдігі немесе техникалық қызмет көрсету туралы келісімі таралмайды.

Қолдау көрсетілетін қағаз және баспа құралдарының өлшемдері

Осы құрылғы бірқатар қағаз өлшеміне қолдау көрсетеді және ол түрлі құралдарға бейімделеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Басып шығару нәтижесі барынша жақсы болу үшін басып шығарар алдында принтер драйверінде тиісті қағаз өлшемі мен түрін таңдап алыңыз.

Кесте 3-1 Қолдау көрсетілетін қағаз бен баспа құралдарының өлшемдері

Өлшем	Өлшемдер	1-науа	2-науа
Хат	216 x 279 мм	✓	✓
Legal стандарты	216 x 356 мм	✓	✓
A4	210 x 297 мм	✓	✓
Executive стандарты	184 x 267 мм	✓	✓
A3	297 x 420 мм		
A5	148 x 210 мм	✓	✓
A6	105 x 148 мм	✓	✓
B4 (JIS)	257 x 364 мм		
B5 (JIS бойынша)	182 x 257 мм	✓	✓
B5 (ISO бойынша)	176 x 250 мм		
B6 (ISO бойынша)	125 x 176 мм		
16k	184 x 260 мм		
	195 x 270 мм	✓	✓
	197 x 273 мм		
8,5 x 13	216 x 330 мм	✓	✓
4 x 6	107 x 152 мм	✓	✓
5 x 8	127 x 203 мм	✓	✓
10 x 15 см	100 x 150 мм	✓	✓
Бейімделген	(76 - 216) x (127 - 356) мм	✓	✓

Кесте 3-2 Қолдау көрсетілетін конверттер мен ашықхаттар

Өлшем	Өлшемдер	1-науа	2-науа
№ 10 конверт	105 x 241 мм	✓	✓

Кесте 3-2 Қолдау көрсетілетін конверттер мен ашықхаттар (жалғасы)

Өлшем	Өлшемдер	1-науа	2-науа
DL конверті	110 x 220 мм	✓	✓
C5 конверті	162 x 229 мм	✓	✓
B5 конверті	176 x 250 мм	✓	✓
Monarch конверті	98 x 191 мм	✓	✓
Ашықхат	100 x 148 мм	✓	✓
Қос ашықхат	148 x 200 мм	✓	✓

Қолдануға болатын қағаз түрлері мен науа сыйымдылығы

Қолданылатын қағаз өнімінің түрі	Өлшемдері ¹	Салмағы	Сыйымдылығы ²	Қағазды орнату бағыты
Төмендегі түрлерді қамтитын қағаз:	Минимум: 76 x 127 мм (3 x 5 дюйм)	60-90 г/м ² аралығында (16-24 фунт аралығында)	1-науа: тек бір парақ 2-науа: 150 парағына дейін	Бет жағы жоғарыдан басылып шығатын жағы, жоғарғы шеті науаның артқы жағында
<ul style="list-style-type: none"> • Әдеттегі • Фирмалық бланк • Түсті • Алдын ала басып шығарылған • Алдын ала тесілген • Қайта пайдаланылатын 	Максимум: 216 x 356 мм (8,5 x 14 дюйм)		75 г/м ² (20 фунт жоғары сортты)	
Қалың қағаз	Қағаз өлшеміндей	200 г/м ² (53 фунт) дейін	1-науа: тек бір парақ 2-науа: жинақ биіктігі 15 мм (0,6 дюймге) дейін	Бет жағы жоғарыдан басылып шығатын жағы, жоғарғы шеті науаның артқы жағында
Мұқаба қағаз	Қағаз өлшеміндей	200 г/м ² (53 фунт) дейін	1-науа: тек бір парақ 2-науа: жинақ биіктігі 15 мм (0,59 дюймге) дейін	Бет жағы жоғарыдан басылып шығатын жағы, жоғарғы шеті науаның артқы жағында
Жылтыр қағаз Фото қағаз	Қағаз өлшеміндей	220 г/м ² (59 фунт) дейін	1-науа: тек бір парақ 2-науа: жинақ биіктігі 15 мм (0,59 дюймге) дейін	Бет жағы жоғарыдан басылып шығатын жағы, жоғарғы шеті науаның артқы жағында
Транспаранттар	A4 немесе «хат» қағаз форматы	Қалыңдығы: 0,12-0,13 мм (4,7-5,1 мил)	1-науа: тек бір парақ 2-науа: 50 параққа дейін	Бет жағы жоғарыдан басылып шығатын жағы, жоғарғы шеті науаның артқы жағында
Жапсырмалар ³	A4 немесе «хат» қағаз форматы	Қалыңдығы: 0,23 мм (9 мил) дейін	1-науа: тек бір парақ 2-науа: 50 параққа дейін	Бет жағы жоғарыдан басылып шығатын жағы, жоғарғы шеті науаның артқы жағында
Конверттер	<ul style="list-style-type: none"> • COM 10 • Monarch • DL • C5 • B5 	90 г/м ² (24 фунт) дейін	1-науа: тек бір конверт 2-науа: 10 конвертке дейін	Бет жағы жоғарыдан басылып шығатын жағы, марка шеті науаның артқы жағында
Ашық хаттар немесе тіркеу карточкалары	100 x 148 мм (3,9 x 5,8 дюйм)		1-науа: тек бір парақ	Бет жағы жоғарыдан басылып шығатын жағы,

Қолданылатын қағаз өнімінің түрі	Өлшемдері ¹	Салмағы	Сыйымдылығы ²	Қағазды орнату бағыты
			2-науа: 50 параққа дейін	жоғарғы шеті науаның артқы жағында
	<p>¹ Өнімді баспа құралдарының көптеген стандартты және арнаулы өлшемдерімен пайдалануға болады. Принтер драйверін қолданылатын өлшемдер үшін тексеріңіз.</p> <p>² Сыйымдылығы қағаз өнімдерінің салмағына, қалыңдығына және қоршаған орта жағдайларына байланысты өзгеруі мүмкін.</p> <p>³ Тегістік: 100-250 (Шеффилд)</p>			

Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар

Осы құрылғы арнайы арқауларға басып шығаруға қолдау көрсетеді. Өте жақсы нәтижеге жету үшін осы ұсынымдарға сүйеніңіз. Арнайы қағазды немесе арқауларды пайдаланған кезде ең жақсы нәтижеге жету үшін олардың түрі мен пішімін басып шығарғыштың драйверінде көрсетіңіз.


- △ **ЕСКЕРТУ:** HP LaserJet басып шығарғыштары жылумен бекіту блогымен жарақталған, ол құрғақ тонерді қағаз бетінде аса ұсақ нүктелер түрінде бекітіп қалдыруға арналған. HP лазерлік басып шығарғыштарына арналған қағаз осындай жоғары температураларға шыдай алады. Бұл технология үшін сиялы басып шығарғыштарға арналған қағазды пайдаланбаған жөн, себебі бұл басып шығарғышқа зиян келтіруі мүмкін.

Арқау түрі	Керек	Керек емес
Конверттер	<ul style="list-style-type: none"> Конверттерді тегіс жерде сақтаңыз. Лазерлік басып шығарғыштарға арналған желімдік негіздегі қорғаныс таспаларын пайдаланыңыз. Лазерлік басып шығарғыштарға арналған желімдік негіздегі қорғаныс таспаларын пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Қыртыстары, саңылаулары бар конверттерді, желімделген конверттерді немесе басқа бүлінген жерлері бар конверттерді пайдаланбаңыз. Қағаз қыстырғыштары, қысқыштары, ойықтары немесе ішкі жабыны бар конверттерді пайдаланбаңыз. Өзі желімделетін таспасы немесе басқа синтетикалық материалдары бар конверттерді пайдаланбаңыз.
Затбелгілер	<ul style="list-style-type: none"> Тек арасындағы жабысқақ астарының ашық жерлері жоқ затбелгілерді пайдаланыңыз. Жайпақ пішінді затбелгілерді пайдаланыңыз. Затбелгілердің тек толық парақтарын пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Бүктелген, бұдырлы жерлері немесе басқа бүлінген жерлері бар затбелгілерді пайдаланбаңыз. Затбелгілердің жартылай парақтарын басып шығармаңыз.
Мөлдір үлдірлер	<ul style="list-style-type: none"> Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған мөлдір үлдірлерді пайдаланыңыз. ӨҚБ құрылғысынан шығарылған мөлдір үлдірлерді тегіс жерге қойыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Лазерлік басып шығарғыштарға арналмаған мөлдір арқауларды пайдаланбаңыз.
Мөрлі және фирмалық бланктер	<ul style="list-style-type: none"> Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған бланкілерді немесе пішіндерді пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Бедерлі бланктерді және бұдыр кескіндері бар бланктерді пайдаланбаңыз.
Қалың қағаз	<ul style="list-style-type: none"> Тек лазерлік басып шығарғыштарда пайдалануға рұқсат етілген және салмағы бойынша осы құрылғыға арналған талаптарға сай келетін қалың қағазды пайдаланыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> Егер осы құрылғыға арналған ұсынымдарда көрсетілгеннен қалыңырақ қағазды HP компаниясы осы құрылғы үшін пайдалануға рұқсат бермесе, ондай қағазды пайдаланбаңыз.
Жылтыр қағаз немесе жабыны бар қағаз	<ul style="list-style-type: none"> Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған 	<ul style="list-style-type: none"> Сиялы басып шығарғыштарға арналған жылтыр қағаз бен


Арқау түрі	Керек	Керек емес
	жылтыр қағаз бен жабыны бар қағазды пайдаланыңыз.	жабыны бар қағазды пайдаланбаңыз.

Науаны өнімнен тартып шығарып, барлық қағазды алып тастаңыз.

1-науа салу


 **ЕСКЕРІМ:** Баспа құралының басылатын жағын жоғары және алдын өнімге қаратып 1-науа ішіне салыңыз.

1. Баспа құралының бір парағын 1-науа слотына салып, қағаз реттегіштерін параққа қарай сырғытыңыз.
2. Парақтарды науаға тірелгенше итеріп салыңыз.




2-науа салу


1. Науаны өнімнен шығарып, барлық қағазды алыңыз.




2. Қағаздың бойлық және биіктік реттегіштерін сырғытып ашыңыз.




- Legal өлшемді қағазды салу үшін, науаны тарту барысында тартпа сырғасын ұстап, өзіңізге қарай баса тартып шығарып алыңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** Legal өлшемді қағаз жүктелгенде, науа өнімнен шамамен 51 мм (2 дюйм) шығып тұрады.


3. Қағазды науаға салып, төрт бұрышы да орнына қонғандығына көз жеткізіңіз. Қағаздың бойлық және биіктік реттегіштерін қағаз жинағына сәйкес келетіндей сырғытыңыз.



4. Қағаз жинағының науа бүйіріндегі қағазды шектеуші жиекбелгіден төмен екендігіне көз жеткізу үшін қағазды төмен басыңыз.




5. Науаны өнім ішіне сырғытыңыз.




4 Кіріс/Шығыс конфигурациясы

- [USB байланысы](#)
- [Желіге жалғау](#)
- [Желі конфигурациясы](#)

USB байланысы


 **ЕСКЕРІМ:** Бағдарламалық құралды орнатпайынша, USB кабелін жалғамаңыз. Орнату бағдарламасы USB кабелін жалғау қажет етілгенде ескертеді.

Бұл өнім USB 2.0 байланысын қолдайды. Басып шығару үшін Сіз А-В типті кабельді пайдалануыңыз қажет.



Желіге жалғау

Бұл өнімде 10/100 желі байланысы бар. Желі кабелін өнімге және өзіңіздің желілік байланыс ұяңызға жалғаңыз.



Желі конфигурациясы


Өнімнің желі параметрлерін конфигурациялау үшін, өнімнің басқару панелін, енгізілген веб-серверін немесе Windows операциялық жүйесінде, HP ToolboxFX бағдарламалық құралын пайдаланыңыз.

Өнімді орнатыңыз және оны желіде пайдаланыңыз

Hewlett-Packard компаниясы желілерге арналған принтер драфверлерін орнату үшін, өнімнің шағын дискісінде жеткізілетін HP орнату бағдарламасын пайдалануды ұсынады.

Желі портына жалғану конфигурациясын (тікелей режимді немесе тең құқықты құрылғыларда басып шығару) баптау

Бұл конфигурацияда өнім желіге тікелей қосылады және желідегі барлық компьютерлер тікелей өнім арқылы басып шығарады.


1. Желілік кабельді өнімнің желілік портына жалғау арқылы өнімді тікелей желіге қосыңыз.
 2. Конфигурациялау бетін басып шығару үшін басқару панелін пайдаланыңыз. [Ақпараттық беттерді басып шығару 82-бетте](#) қараңыз.
 3. Өнімнің шағын дискісін компьютеріңізге салыңыз. Егер орнату бағдарламасы іске қосылмаса, шағын дискідегі SETUP.EXE файлына барып, оны екі рет басыңыз.
 4. **Recommended Install** (Ұсынылған орнату) тармағын басыңыз.
 5. **Welcome** (Қош келдіңіз) экранында **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
 6. **Installer updates** (Орнату бағдарламасын жаңарту) экранында веб желісінен орнату бағдарламасының жаңартуларын іздеу үшін **Yes** (Иә) батырмасын басыңыз.
 7. Windows 2000/XP/Vista жүйелерінде, **Installation Options** (Орнату опциялары) экранында орнату опцияларын таңдаңыз. Hewlett-Packard компаниясы жүйеңіз қолдаған жағдайда әдеттегі орнатуды ұсынады.
 8. **License Agreement** (Лицензиялық келісім) экранында Лицензиялық келісімді оқып, шарттарын қабылдайтыныңызды көрсетіңіз де, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
 9. Windows 2000/XP/Vista жүйелерінде, **HP Extended Capabilities** (HP кеңейтілген өнімділігі) экранында өнімділігін арттырғыңыз келетінін белгілеп, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
 10. **Destination Folder** (Арнаулы папка) экранында арнаулы папканы таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
 11. Орнатуды бастау үшін **Ready to Install** (Орнатуға дайын) экранында **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
-
-  **ЕСКЕРІМ:** Параметрлеріңізді өзгерткіңіз келсе, алдындағы экранға қайту үшін **Next** (Келесі) батырмасының орнына **Back** (Артқа) батырмасын басып, параметрлерді өзгертіңіз.
-
12. **Connection Type** (Байланыс түрі) экранында **Through the network** (Желі арқылы) тармағын таңдап, **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.
 13. **Identify Printer** (Принтерді анықтау) экранында өнімді іздеңіз немесе аппараттық құралды немесе алдында басып шығарған Конфигурация бетінде көрсетілген тізімдегі IP адресін көрсетіңіз. Көп жағдайда IP белгіленеді, бірақ сіз оны **Identify Printer** (Принтерді анықтау)

экранындағы **Specify the product by Address** (Өнімді адресі арқылы белгілеу) тармағына басып, өзгерте аласыз. **Next** (Келесі) батырмасын басыңыз.

14. Орнату процессі аяқталғанша күтіңіз.


Енгізілген веб-серверді немесе HP ToolboxFX пайдаланыңыз.

IP конфигурациялық параметрлерін қарап шығу немесе өзгерту үшін енгізілген веб-серверді (EWS) немесе HP ToolboxFX пайдалануға болады. Енгізілген веб-серверге ену үшін браузердің адрестік жолында өнімнің IP адресін теріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Macintosh жүйесінің пайдаланушылары енгізілген веб-серверіне (EWS) баспа кезегін көргенде **Utility** (Утилита) батырмасын басу арқылы кіре алады. Бұл әрекет пайдаланушыға EWS кіру мүмкіндігін беретін Safari сияқты веб-браузерді іске қосады. Оған қоса, EWS ішіне желілік IP адресін немесе DNS атауын тікелей веб-браузерде теру жолымен кіруге болады.

Networking (Желіге қосылу) жиекбелгісінен (EWS) немесе **Network Settings** (Желі параметрлері) жиекбелгісінен (HP ToolboxFX) келесі конфигурацияларды өзгертуге болады:

- Хост аты
- Қолмен енгізілетін IP адресі
- Қолмен енгізілетін желі бөлігінің маскасы
- Қолмен енгізілетін стандартты шлюз


 **ЕСКЕРІМ:** Желі конфигурациясын өзгертуден өніммен қайтадан байланысудан бұрын браузердің URL адресін өзгерту қажет болуы мүмкін. Желі қайта жүктелгенде, өнімді пайдалану бірнеше секундқа мүмкін болмайды.

Жүйе кілтсөзін орнату

Жүйе кілтсөзін орнату үшін HP ToolboxFX немесе енгізілген веб-серверді пайдаланыңыз.

1. енгізілген веб-серверде **Settings** (Параметрлер) жиекбелгісін басыңыз.

HP ToolboxFX ішінде **Device Settings** (Құрылғы Параметрлері) жиекбелгісін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Кілтсөз орнатылып қойған болса, сізге кеңес беріледі. Кілтсөзді теріңіз, содан кейін **Apply** (Қолдану) батырмасын басыңыз.

2. **Password** (Кілтсөз) батырмасын басыңыз.

3. **Password** (Кілтсөз) жолағына қойғыңыз келетін кілтсөзді теріңіз, содан кейін **Confirm password** (Кілтсөзді растау) жолағында таңдауыңызды растау үшін сол сөзді қайта теріңіз.

4. Кілтсөзді сақтау үшін **Apply** (Қолдану) батырмасын басыңыз.

Өнімнің басқару панелін пайдалану

ТС/IP параметрлерін конфигурациялау

Сіз IP адресін қолмен немесе автоматты түрде конфигурациялай аласыз.


Қолмен конфигурациялау

1. Басқару панелінің мәзірінде **OK** батырмасын басыңыз.
2. **Желі конфигурациясы** таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **TCP/IP конфигурациясы** таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. **Қолмен** таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
5. IP адресінің бірінші бөлімінің мәнін өсіру үшін **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын басыңыз. Мәнді кішірейту үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) батырмасын басыңыз. Мән дұрыс болғанда, **OK** батырмасын басыңыз.
- Басқару панелінің параметрлерін өзгертпес бұрын өзіңіздің желілік администраторыңызбен кеңесіңіз. Басқару панелінің параметрлерін өзгерту басқа баспа тапсырмаларына әсер етеді.
- Стандартты принтер қаріптерін өзгерту алдында немесе жаңа қаріптерді жүктеу алдында өзге пайдаланушылармен кеңесіңіз. Осы шаралар бойынша кеңесу жадты сақтап, күтпеген баспа нәтижелерін болдырмайды.
- Өнім ерекшеліктерін ауыстыру, мысалы эмуляцияланған postscript стандартын PCL стандартына ауыстыру, өзге пайдаланушылардың баспа шығысына әсер ететіндігін ескеріңіз.



ЕСКЕРІМ: Сіздің желілік операциялық жүйеңіз әр пайдаланушының баспа тапсырмасын өзге баспа тапсырмаларының әсерлерінен автоматты түрде қорғап отыруы тиіс. Толық ақпарат алу үшін өзіңіздің желілік администраторыңызбен кеңесіңіз.

7 Түс

- [Түсті басқару](#)
- [Жетілдірілген түстерді пайдалану](#)
- [Түстер сәйкестігі](#)
- [HP Basic Color Match tool \(HP Негізгі Түсті Теңестіру құралы\)](#)

Түсті басқару

Түс опциясын **Automatic** (Автоматты) күйіне қою әдетте түсті құжаттар үшін барынша жақсы сапаны қамтамасыз етеді. Дегенмен, кейде сіз түсті құжатты сұр шәкілде (ақ-қара түрде) басып шығарғыңыз немесе өнімнің түс опцияларын өзгертіңіз келуі мүмкін.

- Windows жүйесінде сұр шәкілде басып шығару немесе түс опцияларын өзгерту үшін принтер драйверінің **Color** (Түс) жиекбелгісінің параметрлерін пайдаланыңыз.


Сұр шәкілде басып шығару

Құжатты сұр шәкілде басып шығару үшін принтер драйверінің **Print in Grayscale** (Сұр шәкілде басып шығару) опциясын таңдаңыз. Бұл опцияны фотокөшірмесі жасалатын немесе факспен жіберілетін құжатты басып шығару үшін пайдалануға болады.

Print in Grayscale (Сұр шәкілде басып шығару) опциясы таңдалғанда өнім түсті картридждің шығымын азайтатын монохромды режимде басып шығарады.

Түсті автоматты немесе қолмен реттеу

Automatic (Автоматты) түс реттеуі құжаттағы әр элементтің бейтарап сұр түсінің, жартылай реңктерінің және жиектік жақсартуларының өңделуін оңтайлыландырады. Көбірек ақпарат алу үшін өзіңіздің принтеріңіздің драйвері бойынша онлайн Анықтамасын қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** **Automatic** (Автоматты) стандартты параметр болып табылады және барлық түсті құжаттарды басып шығару үшін қолданылады.

Мәтіндердің, графиканың және фотосуреттердің бейтарап сұр түсінің, жартылай реңктерінің және жиектік жақсартуларының өңделуін реттеу үшін түстің **Manual** (Қолмен) реттелуін пайдаланыңыз. Қолмен реттелетін түс опцияларына кіру үшін **Color** (Түс) жиекбелгісінен **Manual** (Қолмен) тармағын және одан кейін **Settings** (Параметрлер) тармағын таңдаңыз.

Қолмен реттелетін түс опциялары

Мәтін, графика және фотосуреттер үшін **Neutral Grays** (Бейтарап Сұр түстер), **Halftone** (Жартылай реңк) және **Edge Control** (Жиектерді Түзету) опциялары үшін қолмен реттелетін түс опциялары пайдаланыңыз.

Кесте 7-1 Қолмен реттелетін түс опциялары

Параметр сипаттамалары	Параметр опциялары
Halftone (Жартылай реңк) Halftone (Жартылай реңк) опциялары шығарылатын түс ажыратымдылығы мен тазалығына әсер етеді.	<ul style="list-style-type: none">• Smooth (Тегіс) кең, біркелкі толтырылған баспа аумақтары мен фотосуреттерді жақсартуда түс өтпелілігін тегістеу нәтижесінде ең жақсы нәтижелерді қамтамасыз етеді. Осы опцияны аумақты тегіс және біркелкі толтыру басым мақсат болып табылған жағдайда таңдаңыз.• Detail (Жете) түстері мен сызықтарында нақты айқындықты қажет ететін мәтін мен графика немесе үлгілері мен жоғары деңгейдегі бөлшектері бар бейнелер үшін қолданылады. Осы опцияны нақты жиектер мен бөлшектерге басым талаптар қойылатын жағдаларда таңдаңыз.

Кесте 7-1 Қолмен реттелетін түс опциялары (жалғасы)

Параметр сипаттамалары	Параметр опциялары
<p>Бейтарап Сұр түстер</p> <p>Neutral Grays (Бейтарап Сұр түстер) параметрі мәтіндерде, графикаларда және фотосуреттерде қолданылатын сұр түстерді құрудың тәсілін анықтайды.</p>	<ul style="list-style-type: none">● Black Only (Тек Қара түс) бейтарап түстерді тек қара тонерді пайдалана отырып құрады. Ол түсті реңктерсіз бейтарап түстерді кепілдендіреді.● 4-Color (4 Түсті) барлық төрт түсті тонерді үйлестіре отырып бейтарап түстерді (сұр және қара) кепілдендіреді. Бұл әдіс өзге түстердің нақты өтулерін өндіріп, ең қою қара түсті құрады.
<p>Жиектерді Түзету</p> <p>Edge Control (Жиектерді Түзету) параметрі жиектердің қалай қамтылатындығын анықтайды. Жиектерді Түзету опциясы екі компоненттен тұрады: бейімделгіш жартылай реңктеу және түстерді қамту. Бейімделгіш жартылай реңктеу жиектің айқындығын өсіреді. Түстерді қамту көршілес нысандардың жиектерін аздап қамту нәтижесінде түсті ауытқу әсерін азайтады.</p>	<ul style="list-style-type: none">● Maximum (Ең көп) барынша агрессивті түспен қамту параметрі болып табылады. Бейімделгіш жартылай реңктеу қосулы.● Normal (Қалыпты) түс қамтылуын орташа мәнге келтіреді. Бейімделгіш жартылай реңктеу қосулы.● Light (Ашық) түс қамтылуын ең аз мәнге келтіреді, Бейімделгіш жартылай реңктер қосылу.● Off (Өшіру) түстерді қамту және бейімделгіш жартылай реңктеудің екеуін де өшіреді.

Түс тақырыптары

Түс тақырыптарын **RGB Color** (RGB түстері) опцияларын барлық беттер үшін реттеу мақсатымен пайдаланыңыз.

Параметр сипаттамалары	Параметр опциялары
<p>RGB Түсі</p>	<ul style="list-style-type: none">● Default (sRGB) (Стандартты (sRGB) өнімге RGB түстерін sRGB деп тануға бұйрық береді. sRGB стандарты Microsoft корпорациясының Дүниежүзілік Веб Консорциумының қабылдаған стандарты болып табылады (http://www.w3.org).● Vivid (Жарқын) өнімге жартылай реңктердегі түс қанықтығын өсіруге бұйрық береді. Төмен түсті нысандар қанық түсті ретінде бейнеленеді. Бұл параметр бизнес графикасын басып шығару үшін ұсынылады.● Photo (Фото) режимі RGB түстерін цифрлық шағын зертханасын пайдалана отырып басып шығарылғандай етіп бейнелейді. Ол түстерді Default (sRGB) (Стандартты (sRGB) режимге қарағанда тереңірек, жарқынырақ бейнелейді. Осы параметрді фотосуреттерді шығару үшін пайдаланыңыз.● Photo (AdobeRGB (1998)) (Фотосурет (AdobeRGB (1998)) sRGB қарағанда, AdobeRGB түс кеңістіктерін пайдаланатын фотосуреттерге арналған. AdobeRGB пайдаланатын кәсіби бағдарламалық құралдан басып шығарғанда бағдарламалық құралдың түс басқарылуын өшіріп тастап, өнімге түс кеңістіктерін басқару мүмкіндігін берген өте маңызды.● None (Ешқайсысы) принтерді RGB деректерін құрылғының «шала» режимінде басып шығаруға баптайды. Осы опция таңдалғанда фотосуреттерді дұрыс бейнелеу үшін сіз түстерді өзіңіз жұмыс істеп отырған бағдарламада немесе операциялық жүйеде түзетуіңіз керек.

Жетілдірілген түстерді пайдалану

Өнім керемет түс нәтижелеріне қол жеткізетін автоматты түс мүмкіндіктерін береді. Мұқият жасалып, тексерілген түс жиекбелгілері барлық басылатын түстердің таза бейнеленулерін қамтамасыз етеді.

Оған қоса, өнім тәжірибелі кәсіпқойлар үшін қанағаттандыратын құралдар жинағын қамтамасыз етеді.

HP ColorSphere тонері

HP баспа жүйелерін (принтерді, баспа картридждерін, тонерді және қағазды) бірлесе жұмыс істей отырып, баспа сапасын, өнім сенімділігі мен пайдаланушы тапсырмаларының нәтижелілігін оңтайландыру мақсатымен жасап шығарады. Шынайы HP баспа картридждерінде принтеріңізге арнайы сәйкестендіріліп, жарқын түстердің кең ауқымын өндіре алатын HP ColorSphere тонері бар. Ол сізге айқын, таза мәтін мен болмысқа жақын басылып шығарылған фотосуреттері бар кәсіпқой дәрежедегі құжаттарды құру мүмкіндігін береді.

HP ColorSphere тонері қағаздың кең ауқымды түрлеріне байланысты болатын баспа сапасының сәйкестігі мен айқындығын өндіреді, ол дегеніміз сіз шынайы әсер бере алатын құжаттарды жасай алатындығыңызды білдіреді. Оған қоса, HP кәсіпқой сапалы күнделікті және арнайы қағазы (соның ішінде көптеген түрлері мен салмақтағы HP баспа құралдарының кең талғамы) сіздің жұмысыңызға арнап жасалған.

HP ImageREt 3600

ImageREt 3600 көп деңгейлі баспа процессінің арқасында түсті лазер класындағы 3600 нүкте дүюймге (н/д) сапасын қамтамасыз етеді. Бұл процесс берілген аумақта төрт түсті бір нүкте ішінде үйлестіру және тонер көлемін өзгертіп отыру нәтижесінде түстерді нақты басқарады. ImageREt 3600 осы өнімге арнап жақсартылған. Жақсарту түстерді қамту технологиясын, бір нүкте ішінде орналастырудың кеңейтілген басқарылымын және бір нүктеге жұмсалатын тонер сапасының нақтырақ басқарылымын білдіреді. Осы жаңа технологиялар HP көп деңгейлі баспа процессімен үйлестіріліп, нәтижесінде 3600 н/д лазер сапасы санатындағы миллиондаған айқын түстер беретін 600 x 600 н/д принтері шығарылды.

Салыстыратын болсақ, өзге түсті лазерлі принтерлердің бір деңгейлі баспа процессі түсті бір нүкте ішінде араластыру мүмкіндігін бермейді. Жалған араластыру деп аталынатын осы процесс түстердің кең жинағын айқындықты төмендетусіз немесе көзге көрінетін нүктелі құрылымсыз құру мүмкіндігіне кедергі жасайды.

Баспа құралын таңдау

Ең жақсы түс және бейне сапасы үшін бағдарламалық құралдың принтер мәзірінен немесе принтер драйверінен сәйкес баспа құралы түрін таңдаңыз.


Түс опциялары

Түс опциялары оңтайлы түс өндірілуін автоматты түрде қамтамасыз етеді. Осы опциялар түрлі нысандар (мәтін, графика және фотосуреттер) үшін оңтайлы түс және жартылай реңк параметрлерін қамтамасыз ететін нысан таңбалауын пайдаланады. Принтер драйвері бетте қандай нысанның шығарылатынын анықтап, әр нысан үшін ең жақсы баспа сапасын қамтамасыз ететін түс және жартылай реңк параметрлерін пайдаланады.

Windows жүйелік ортасында **Automatic** (Автоматты) және **Manual** (Қолмен) реттелетін түс опциялары принтер драйверінің **Color** (Түс) жиекбелгісінде орналастырылған.

Стандартты қызыл-жасыл-көк (sRGB)

Стандартты қызыл-жасыл-көк (sRGB) HP және Microsoft корпорациясы мониторлардың, жүктеу құрылғыларының (сканерлердің және цифрлық камералардың) және шығару құрылғыларының (принтерлер мен плоттерлердің) ең көп тараған түс тілі ретінде жетілдірген дүниежүзілік түс стандарты болып табылады. Ол HP өнімдері, Microsoft операциялық жүйелері World Wide Web (Интернет Әлемдік Желісі) және офистік бағдарламалық құралдардың көбі үшін пайдаланылатын стандартты түс кеңістігі болып табылады. sRGB стандарты әдеттегі Windows мониторын танытып, жоғары ажыратылымды теледидарлар үшін қолданылатын үйлесімділік стандарты болып табылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіз пайдаланатын монитор түрі мен бөлменің жарықтандырылуы сияқты жайттар экраныңыздағы түстердің көрінуіне әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін [Түстер сәйкестігі 68-бетте](#) қараңыз.

Adobe PhotoShop®, CorelDRAW®, Microsoft Office және көптеген өзге бағдарламалардың ең соңғы нұсқалары түстерді байланыстыру үшін sRGB пайдаланады. Ол Microsoft операциялық жүйелерінің стандартты түс кеңістігі болғандықтан, sRGB кеңінен қабылданған. Бағдарламалар мен құрылғылар түс деректерімен алмасу үшін sRGB қолданғандықтан, әдеттегі пайдаланушы тәжірибесі түс сәйкестігін барынша жақсартты.

sRGB стандарты сіздің түстерді өнім мен компьютер мониторының және өзгедей жүктеу құрылғыларының арасында автоматты түрде сәйкестендіру мүмкіндіктеріңізді жетілдіріп, түстер саласында сарапшы болу қажеттілігін болдырмайды.

Түстер сәйкестігі

Принтер шығаратын түстерді компьютеріңіздің экранындағыға сәйкестендіру процесі кешенді болып табылады, себебі принтерлер мен компьютеріңіздің монитору түс өндірудің түрлі әдістерін қолданады. Мониторлар түстерді RGB (қызыл-жасыл-көк) түс процессін пайдаланатын жарық нүктелерін қолдану нәтижесінде *көрсетіл*, принтерлер болса, түстерді CMYK (көгілдір, қызыл, сары және қара) процессін пайдалана отырып *басып шығарады*.

Басылып шығарылатын түстерді мониторуыңыздағы түстерге сәйкестендіруге әсер етуі мүмкін көптеген жайттар бар:

- Баспа құралы
- Баспа бояғыштары (мысалы, сия немесе тонер)
- Баспа процесі (мысалы, сиямен, басу немесе лазерлік технология)
- Жоғары жарық
- Түстерді ажырата алудың жеке бас ерекшеліктері
- Бағдарламалық құрал
- Принтер драйверлері
- Коомпьютердің операциялық жүйелері
- Мониторлар
- Бейне картасы және драйверлері
- Жұмыс ортасы (мысалы, ылғалдылық)

Мониторуыңыздағы түстер басылып шығарылған түстерге толықтай сәйкес келмеген жағдайда осы жайттарды есте сақтаңыз.

Пайдаланушылардың көбі үшін түстерді сәйкестендірудің ең жақсы әдісі болып sRGB түстерін пайдалану табылады.

HP ToolboxFX Microsoft Office Негізгі Түстері палитрасында басып шығару үшін пайдаланыңыз

Microsoft Office Негізгі Түстері палитрасын басып шығару үшін сіз HP ToolboxFX пайдалана аласыз. Басылып шығарылатын құжаттарыңызда пайдаланғыңыз келетін түстерді таңдау үшін осы палитраны пайдаланыңыз. Ол сіз Microsoft Office бағдарламасында осы негізгі түстерді таңдауыңыз жағдайында басылып шығарылатын іс жүзіндегі түстерді көрсетеді.

1. HP ToolboxFX ішінде **Help** (Анықтамалық) папкасын таңдаңыз.
2. **Troubleshooting** (Ақаулықтарды түзету) бөлімінде **Print Basic Colors** (Негізгі Түстерді Басып шығару) тармағын таңдаңыз.

HP Basic Color Match tool (HP Негізгі Түсті Теңестіру құралы)

HP негізгі түсті теңестіру құралы сізге басып шығарылған нәтижелердің түсін реттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, баспа шығысында компанияңыздың логотипі түсін теңестіре аласыз. Сіз ерекше құжаттар немесе басып шығарылған барлық құжаттар үшін жаңа түс комбинацияларын сақтай аласыз немесе пайдалана аласыз, немесе сіз кейінірек таңдай алатын көп түс комбинацияларын құра аласыз.

HP негізгі түсті теңестіру құралын ашу үшін HP ToolboxFX пайдаланыңыз

1. HP ToolboxFX ішінде **Help** (Анықтамалық) папкасын таңдаңыз.
2. **Color Printing Tools** (Түсті баспа құралдары) бөлімінде **Basic Color Match** (Негізгі түстерді теңестіру) тармағын таңдаңыз.

8 Фото

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл бөлім HP Color LaserJet CP1518ni өнімінің ғана қатысты қолданылады.

- [Жад картасын енгізіңіз](#)
- [Жад картасының стандартты параметрлерін өзгерту](#)
- [Фотосуреттерді тікелей жад картасынан басып шығару](#)
- [Жад картасының индексін басып шығару](#)
- [PictBridge](#)

Жад картасын енгізіңіз


HP Color LaserJet CP1518ni өнімі жад карталарының келесі түрлерін оқи алады:

- CompactFlash (CF) 1-Түрі және 2-Түрі
- Memory Stick, Memory Stick PRO және Memory Stick Duo
- MultiMedia Card (MMC)
- Secure Digital (SD)
- xD Picture Card

HP Color LaserJet CP1518ni жад карта ридері өнімнің басқару панелінен басып шығару жағдайында тек .JPEG форматындағы файлдарды ғана таниды. Өзгедей түрдегі файлдарды басып шығару үшін, сіз келесілердің бірін орындауыңыз тиіс:


- Өнімнің ықшам дискісінде жеткізілетін PhotoSmart Premier бағдарламалық құралы сияқты бағдарламалық құралды пайдаланыңыз. Нұсқауларды бағдарламалық құралдың онлайн Анықтамалығынан қараңыз.
- Windows операциялық жүйесінің пайдаланушылары: Windows Explorer шолушысын пайдаланып, өзге форматтағы файлдарды компьютеріңізге көшіріп алып, компьютеріңізден басып шығарыңыз.

HP Color LaserJet CP1518ni өнімінің сәйкес жад картасының слотын пайдаланыңыз. Сәйкес слотты тауып алу үшін, төмендегі суретті қараңыз.





1	xD жад карталарын қабылдайды.
2	Memory Stick, Memory Stick PRO және Memory Stick Duo жад карталарын қабылдайды.
3	CompactFlash жад карталарын қабылдайды.
4	Secure Digital және MultiMedia жад карталарын қабылдайды.

Жад картасын енгізіп, шығарып алыңыз

 **ЕСКЕРІМ:** HP Color LaserJet CP1518ni 2 ГБ дейінгі жад карталарын таниды.

1. Жд картасын сәйкес жад слотына енгізіп, орнықтырыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіз өнімде бір уақытта бір ғана жад картасын пайдалана аласыз. Егер еке немесе одан да көп карта салынған болса, өнім қателік жөніндегі хабарды шығарады.




2. Өнім картаны оқып, өнімнің басқару панелінде **X photos found on card** (Картада X фотосурет табылды) хабарын шығарады, бұндағы X жад картасында анықталған .JPEG форматындағы файлдар санын білдіреді.

Бірнеше секундтан кейін дисплейге **Photo menu Easy Photo Print** (Фото мәзірі Оңай фото басып шығару) шығарылады. Енді HP Color LaserJet CP1518ni фотоларды басып шығару үшін пайдалана аласыз. [Фотосуреттерді тікелей жад картасынан басып шығару 75-бетте](#) қараңыз.


3. Картаны ұстап, жад картасының слотынан шығарып алу үшін абайлап жоғары тартыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Картада сақталған файлдардың зақымдалуын болдырмау үшін, жад картасын өнім онымен жұмыс істеу барысында шығармаңыз. Жад картасын шығарардан бұрын жад картасының слотының жанындағы ЖД жыпылықтауын тоқтатқанша күтіңіз. ЖД ұзағынан жанып тұрған кезде жад картасын қауіпсіз шығарып алуға болады.



Жад картасының стандартты параметрлерін өзгерту

HP Color LaserJet CP1518ni өнімі фото басып шығару үшін өнімнің басқару панелінен өзгерте алатын стандартты параметрлері бапталып жеткізіледі.

 **ЕСКЕРІМ:** Стандартты параметрлер сіз оларды өзгертіп, қайта сақтағаныңызша таңдалған болып қала береді. Егер сіз параметрлерді нақты бір фото суреттерді басып шығару тапсырмасы үшін уақытша өзгерткіңіз келсе [Фотосуреттерді тікелей жад картасынан басып шығару 75-бетте](#) қараңыз.

1. **OK** батырмасын басыңыз.
2. **Main menu Photo setup** (Негізгі мәзірдің фото баптаулары) тармағын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. Мәзірдің келесі тармақтарының бірін таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
 - **Def. light/dark** (Станд. ашық/күңгірт): Басып отырған бейнеңіздің ашықтық және күңгірттік параметрлерін өзгертіңіз.
 - **Def. # of copies** (Стандартты көшірмелер саны): Басып шығарғыңыз келетін көшірмелер санын өзгертіңіз.
 - **Def. output color** (Станд. шығыс түсі): Түсті немесе ақ-қара етіп басып шығаратыныңызды баптаңыз.
 - **Restore defaults** (Стандартты мәндерді қалпына келтіру). Бұл тармақ барлық параметрлердің зауыттық стандартты мәндерін қалпына келтіреді.
4. Параметрді өзгерту үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін параметрлерді өзгерту үшін **OK** батырмасын басыңыз немесе өзгертулерді сақтамай, мәзірден шыққыңыз келсе, **X** батырмасын басыңыз.
5. Осы қадамдарды өзгерткіңіз келетін мәзірдің әр тармағы үшін орындаңыз.

Фотосуреттерді тікелей жад картасынан басып шығару

Басқару панелін тікелей жад картасынан басып шығару және баспа тапсырмасының параметрлерін өзгерту үшін пайдаланыңыз.

Жеке фотосуреттерді жад картасынан басып шығару

1. Жад картасын өнімге енгізіңіз. Экранға **Main menu Photo menu** (Негізгі мәзір Фото мәзірі) хабары шығарылады.
2. **Easy photo print** (Оңай фото басып шығару) тармағын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Select photos Individual** (Жеке фотосуретті таңдау) тармағын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
 - **Select photo #** (Фото номерін таңдау) Басып шығару үшін жеке фотосуретті таңдаңыз. Фотосуреттер номерленген, 1 номерден басталады.
 - **Image size** (Бейне өлшемі) Басып шығарылатын бейненің өлшемін баптаңыз.
 - **Paper size** (Қағаз өлшемі) Баспа құралының өлшемін таңдаңыз.
 - **Paper type** (Қағаз түрі) Баспа құралының түрін таңдаңыз.
 - **# of copies** (көшірмелер саны): Басып шығаратын көшірмелеріңіздің санын (1 ден 99 дейін) белгілеңіз.
5. Басқару панелінің дисплейіне **[OK] to print** (Басып шығаруға [OK]) хабары шығарылғанда **OK** батырмасын басыңыз. Мәзірден басып шығарусыз шығу үшін **X** батырмасын басыңыз.

Жад картасынан фотосуреттердің жинағын басып шығару

1. Жад картасын өнімге енгізіңіз. Экранға **Main menu Photo menu** (Негізгі мәзір Фото мәзірі) хабары шығарылады.
2. **Easy photo print** (Оңай фото басып шығару) тармағын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Select photos From a range** (Жинақ ішінен фотосуретті таңдау) тармағын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.

4. Мәзірдің келесі тармақтарының әрқайсысын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
 - **First photo #** (Бірінші фото номері): Суреттер жинағын басылып шығарылатын бірінші фотосуретті таңдаңыз. Фотосуреттер номерленген, 1 номерден басталады.
 - **Last photo #** (Соңғы фото номері): Суреттер жинағынан басылып шығарылатын соңғы фотосуретті таңдаңыз.
 - **Image size** (Бейне өлшемі) Басып шығарылатын бейненің өлшемін қойыңыз.
 - **Paper size** (Қағаз өлшемі) Баспа құралының өлшемін таңдаңыз.
 - **Paper type** (Қағаз түрі) Баспа құралының түрін таңдаңыз.
 - **# of copies** (көшірмелер саны): Басып шығаратын көшірмелеріңіздің санын (1 ден 99 дейін) белгілеңіз.
5. Басқару панелінің дисплейіне **[OK] to print** (Басып шығаруға [OK]) хабары шығарылғанда **OK** батырмасын басыңыз. Мәзірден басып шығарусыз шығу үшін **X** батырмасын басыңыз.

Жад картасындағы барлық фотосуреттерді басып шығару

1. Жад картасын өнімге енгізіңіз. Экранға **Main menu Photo menu** (Негізгі мәзір Фото мәзірі) хабары шығарылады.
2. **Easy photo print** (Оңай фото басып шығару) тармағын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Select photos All (# - #)** (Барлық фотосуретті таңдау (№-№) тармағын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Мәзірдің келесі тармақтарының әрқайсысын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
 - **Image size** (Бейне өлшемі) Басып шығарылатын бейненің өлшемін баптаңыз.
 - **Paper size** (Қағаз өлшемі) Баспа құралының өлшемін таңдаңыз.
 - **Paper type** (Қағаз түрі) Баспа құралының түрін таңдаңыз.
 - **# of copies** (көшірмелер саны): Басып шығаратын көшірмелеріңіздің санын (1 ден 99 дейін) белгілеңіз.
5. Басқару панелінің дисплейіне **[OK] to print** (Басып шығаруға [OK]) хабары шығарылғанда **OK** батырмасын басыңыз. Мәзірден басып шығарусыз шығу үшін **X** батырмасын басыңыз.

Жад картасының индексін басып шығару


Жад картасындағы барлық фотосуреттердің кішірейтілген бейнелерін басып шығару үшін басқару панелін пайдаланыңыз.

1. Жад картасын өнімге енгізіңіз. [Жад картасын енгізіңіз 72-бетте](#) қараңыз. Эcranға **Main menu** **Photo menu** (Негізгі мәзір Фото мәзірі) хабары шығарылады.
2. **Photo menu Index print** (Фото мәзірі Индексті басып шығару) тармағын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Fast** (Жылдам) немесе **Best** (Ең жақсы) тармағын таңдау үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз. Мәзірден басып шығарусыз шығу үшін **X** батырмасын басыңыз.

PictBridge

PictBridge слотын және USB кабелін үйлесімді цифрлы камераны немесе бейнекамераны HP Color LaserJet CP1518nі жалғау үшін пайдаланыңыз. Одан кейін сіз бейнелерді осы құрылғыдан дербес компьютерді пайдаланбай-ақ басып шығара аласыз.

PictBridge порты жад картасының слоты жанында орналасқан.




Цифрлы камераны немесе бейнекамераны өнімге жалғаңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін, PictBridge портына үйлесімді цифрлы камерадан немесе бейнекамерадан өзге жабдықты жалғамаңыз.

📄 **ЕСКЕРІМ:** HP компаниясы өнімдердің бірі өнімге тікелей жалғанған жағдайда цифрлы камераның немесе бейнекамераның қорегі үшін тұрақты тоқ адаптерін пайдалануды ұсынады. Егер құрылғылар батареядан қоректелген күйі жалғанатын болса, батареялардың толық зарядталғанына көз жеткізіңіз.

Камераның немесе бейнекамераның моделіне байланысты сіз құрылғыны HP Color LaserJet CP1518nі өніміне жалғамас бұрын PictBridge қызметімен үйлесімді баспа режимін таңдауыңыз тиіс. Оған қоса, сіз құрылғы өнімге жалғанғаннан кейін камераны қолмен қосуыңыз немесе бейнекамераның Play (Ойнату) режимін таңдауыңыз тиіс. Құрылғыңызды HP Color LaserJet CP1518nі өніміне жалғамас бұрын өндіруші нұсқаулықтарын оқып шығыңыз.

1. Құрылғыны өнімге жалғамас бұрын, камераның немесе бейнекамераның өшірілгендігіне көз жеткізіңіз.
2. Құрылғыны өнімнің PictBridge портына жалғау үшін құрылғымен бірге жеткізілетін USB кабелін пайдаланыңыз.



3. Камераны немесе бейнекамераны қосыңыз. Өндірушінің тікелей құрылғыдан басып шығаруға қатысты нұсқауларын орындаңыз.
4. Фотосуреттерді тікелей HP Color LaserJet CP1518ні жалғанған камерадан немесе бейнекамерадан басып шығаруды аяқтағаныңыздан кейін әрқашан құрылғыны PictBridge портына жалғап отырған кабельді ажыратып отырыңыз.


9 Басқару және күту

- [Ақпараттық беттерді басып шығару](#)
- [HP ToolboxFX](#)
- [Енгізілген веб-серверін пайдалану](#)
- [Өнімді Macintosh жүйесін пайдалана отырып конфигурациялау](#)
- [Жабдықтарды басқару](#)
- [Баспа картридждерін ауыстыру](#)
- [Жадпен жұмыс істеу](#)
- [Өнімді тазалау](#)
- [Аппараттық құралды жетілдіру](#)

Ақпараттық беттерді басып шығару

Өнім және оның ағымды параметрлері жөніндегі ақпаратты беретін конфигурациялау және қамсыздандыру материалдарының мәртебесі жөніндегі бетті басып шығару үшін басқару панелін пайдаланыңыз.

1. Мәзірлерді ашу үшін **OK** батырмасын басыңыз.
2. **Reports** (Есептер) тармағына өту үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
3. **Config report** (Конфигурация есебі) немесе **Supplies status** (Жабдықтар мәртебесі) тармағына өту үшін **Left arrow** (Солға бағыт көрсеткіш) (◀) немесе **Right arrow** (Оңға бағыт көрсеткіш) (▶) батырмасын пайдаланыңыз, содан кейін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Мізірден шығу үшін **X** батырмасын басыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Ақпарат бетін басып шығарарда сіз өнімнің бағдарламалық құралын орнатып, өнімді компьютерге жалғауыңыз керек.

HP ToolboxFX

HP ToolboxFX өзіңіз келесі тапсырмаларды орындау үшін пайдалана алатын бағдарлама болып табылады:

- Өнім мәртебесін тексеріңіз.
- Өнім параметрлерін конфигурациялаңыз.
- Жайылмалы сигналдық хабарларын конфигурациялаңыз.
- Ақаулықтарды жою жөніндегі ақпаратты көріңіз.
- Онлайндағы құжаттаманы көріңіз.


Сіз өнім тікелей компьютеріңізге қосылған жағдайда немесе желіге қосылған жағдайда HP ToolboxFX көре аласыз. HP ToolboxFX пайдалану үшін ұсынылған бағдарламалық құралдарды толығымен орнатуыңыз қажет.

 **ЕСКЕРІМ:** HP ToolboxFX Windows Server 2003 немесе Macintosh операциялық желілері үшін қолданылмайды. HP ToolboxFX пайдалану үшін компьютеріңізде TCP/IP протоколы орнатылған болуы тиіс.

Сізге HP ToolboxFX ашып, пайдалану үшін Интернетке кірудің қажеті жоқ.

HP ToolboxFX көру

Келесі жолдардың бірімен HP ToolboxFX ашыңыз:

- Windows жүйесі науасында HP ToolboxFX белгішесін екі рет басыңыз (.
- Windows **Start** (Бастау) мәзірінде **Programs** (Бағдарламалар) (немесе Windows XP және Vista жүйелерінде **All Programs** (Барлық Бағдарламалар) тармағын ашып, **HP** тармағын ашыңыз, оның ішінен **HP Color LaserJet CP1510 Сериялы** және одан кейін **HP ToolboxFX** басыңыз.

HP ToolboxFX құрамында келесідей папкалар бар:

- [Мәртебе 84-бетте](#)
- [Сигналдық хабарлар 84-бетте](#)
- [Өнім туралы ақпарат 85-бетте](#)
- [Анықтамалық 85-бетте](#)
- [Құрылғы Параметрлері. 86-бетте](#)
- [Желі параметрлері 91-бетте](#)

Мәртебе

Status (Мәртебе) папкасында келесідей негізгі беттерге сілтемелер бар:

- **Device Status** (Құрылғы мәртебесі). Бұл бетте өнімнің кептелу немесе босап қалған науа сияқты күйлері көрсетіледі. Сіз мәселенің шешімін тапқаныңыздан кейін өнім мәртебесін жаңарту үшін **Refresh status** (Мәртебені Жаңарту) батырмасын басыңыз.
- **Supplies Status** (Жабдықтар Мәртебесі). Жабдықтар жөніндегі баспа картриджінің қалған қызмет мерзімінің мөлшерлі пайыздық көрсеткішін, ағымдағы баспа картриджінің көмегімен басылып шығарылған беттер саны сияқты егжей-тегжейлі ақпаратын көріңіз. Оған қоса бұл бетте жабдықтарға тапсырыс беру және қайта пайдалану жөніндегі ақпарат сілтемелері бар.
- **Device Configuration** (Құрылғы конфигурациясы). Өнімнің ағымды конфигурациясы жөніндегі, соның ішінде орнатылған жад көлемі мен қандай қосымша науаның орнатылғандығы жөніндегі егжей-тегжейлі сипаттамасын көріңіз.
- **Network Summary** (Желілік аңдатпа). Желінің ағымды конфигурациясы жөніндегі, соның ішінде IP адресі мен желі мәртебесі жөніндегі егжей-тегжейлі сипаттамасын көріңіз.
- **Print Info Pages** (Баспа Ақпаратының Беттері). Конфигурациялау беті мен жабдықтар мәртебесінің беті сияқты өзгедей ақпарат беттерін басып шығару. [Ақпараттық беттерді басып шығару 82-бетте](#) қараңыз.
- **Color usage job log** (Түсті пайдалану тапсырмалары журналы). Өнімнің түсті пайдалану жөніндегі ақпаратты көру.
- **Event log** (Оқиғаларды тіркеу журналы). Өнім қателіктерінің жазбаларын көре аласыз. Ең көп кездесетін қателіктер бірінше болып берілген.

Оқиғалар журналы

Оқиғалар журналы өнімнің басқару панелінің дисплейіне шығарылған қателіктер жөніндегі хабарларға сәйкес келетін кодтар, әр қателіктің қысқаша сипаттамасы және ір қателік орын алу барысында басылып шығарылған бет саны келтірілген кесте болып табылады. Қателіктер хабарламалары жөніндегі көбірек ақпаратты табу үшін [Басқару панелінің және мәртебенің сигналдық хабарлары 109-бетте](#) қараңыз.

Сигналдық хабарлар

Alerts (Сигналдық хабарлар) папкасында келесідей негізгі беттерге сілтемелер бар:


- **Setup Status Alerts** (Орнатпа Мәртебесінің Сигналдық хабарлары). Өнімді өзіңізге тонердің төмен деңгейі сияқты кейбір жағдайларда жайылмалы сигналдық хабарларды шығаруға баптаңыз.
- **Set up E-mail Alerts** (Электрондық пошта сигналдық хабарларын баптау). Өнімді өзіңізге тонердің төмен деңгейі сияқты кейбір жағдайларда жайылмалы сигналдық хабарларды шығаруға баптаңыз.

Орнатпа Мәртебесінің Сигналдық хабарлары

Оны өнім компьютеріңізге қағаз кептелгенде, HP картриджінің тонер деңгейі азайғанда, HP-емес баспа картриджі қолданылғанда, кіріс науасы босағанда және ерекше қателік жөніндегі хабар орын алғанда сигналдық хабарын жіберу үшін баптаңыз.


Қабылдау жайылмалы мәзірін, тапсырмалар панелінің белгішесін, жұмыс үстелінің сигналдық хабарын және осылардың барлығының комбинациясын таңдаңыз. Жайылмалы хабар тек өнім сигналдық хабарлар бапталған компьютерден басып шығару барысында ғана шығарылады. Жұмыс үстелінің сигналдық хабары қысқа мерзімге ғана көрсетіліп, автоматты түрде жоғалады.

Тонердің аз деңгейі жөніндегі хабар жіберетін **Cartridge low threshold** (Картридждің төменгі шегі) параметрін **System setup** (Жүйені орнату) бетінде өзгертіңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

Электрондық пошта сигналдарын орнату

Өнімді өзіңізге кейбір жағдайларда электрондық пошта хабарларын жіберетін екіге дейін электрондық пошта адресін белгілеу үшін пайдаланыңыз. Сіз әр электрондық пошта адресі үшін жеке оқиғаны белгілей аласыз. Өзіңізге электрондық пошта арқылы өнім жөніндегі сигналдық хабарын жіберетін электрондық пошта сервері үшін қажетті ақпаратты пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіз серверден жіберіліп, пайдаланушының аутентификациясын қажет етпейтін электрондық пошта хабарын тек конфигурациялай ғана аласыз. Егер электрондық пошта серверіңіз пайдаланушы атын және кілтсөзді көрсете отырып кіруді қажет ететін болса, сіз электрондық пошта хабарларын қоса алмайсыз.

ЕСКЕРІМ: Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

Өнім туралы ақпарат

Product information (Өнім жөніндегі ақпарат) папкасында келесі беттердің сілтемелері бар:

- **Demonstration Pages** (Көрсету беттері). Өнімнің түсті баспа мүмкіндіктері мен жалпы баспа сипаттамаларын көрсететін беттерді басып шығару.

Анықтамалық

Help (Анықтамалық) папкасында келесідей негізгі беттерге сілтемелер бар:

- **Troubleshooting** (Ақауларды табу және жою). Ақауларды табу және жою бойынша анықтама тақырыптарын, баспа ақауларды табу және жою беттерін, өнімді тазалау нұсқауларын көру және Microsoft Office Basic Colors (Microsoft Office Негізгі Түстерін) ашу. Microsoft Office Негізгі Түстері жөніндегі толық ақпаратты табу үшін [Түстер сәйкестігі 68-бетте](#) қараңыз.
- **Paper and Print Media** (Қағаз және баспа құралы). Өніміңіздің көбігімен қағаз бен баспа құралдарының әр түрлерін пайдалана отырып оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге болатындығы жөніндегі ақпаратты басып шығарады.
- **How do I? (Қалай істеймін?)** Пайдаланушы нұсқаулығы индексіне сілтеме.
- **Color Printing Tools** (Түсті баспа құралдары). Microsoft Office Негізгі Түстерін немесе түстердің толық палитрасын сәйкес RGB мәндерімен ашу. Microsoft Office Негізгі Түстері жөніндегі толық ақпаратты табу үшін [Түстер сәйкестігі 68-бетте](#) қараңыз. HP Негізгі түс теңестіруін баспа тапсырмаңыздағы түстерді реттеу үшін пайдаланыңыз.
- **User Guide** (Пайдаланушы Нұсқаулығы). Өнімді пайдалану, кепілдік, ерекшеліктері және қолдау жөніндегі ақпаратты көріңіз. Пайдаланушы нұсқаулығын HTML және PDF форматтарында да бар.

Құрылғы Параметрлері.

Device Settings (Құрылғы Параметрлері) папкасында келесідей негізгі беттерге сілтемелер бар:

- **Device Information** (Өнім жөніндегі ақпарат). Өнім сипаттамасы және істес адамдар жөніндегі ақпарат сияқты өнім туралы мәліметтерді көріңіз.
- **Paper Handling** (Қағазды қолдану). Өнімнің стандартты қағаз өлшемі және стандартты қағаз түрі сияқты қағаз салу параметрлерін конфигурациялау.
- **Printing** (Басып шығару). Өнімнің нұсқалар саны мен қағаздың бағытталуы сияқты стандартты параметрлерін өзгерту.
- **PCL 5c**. PCL параметрлерін өзгерту.
- **PostScript**. PS параметрлерін өзгерту.
- **Photo** (Фото). Фото араметрлерін өзгерту.
- **Print Quality** (Баспа Сапасы). Баспа сапасының араметрлерін өзгерту.
- **Print Density** (Баспа Қоюлығы). Қарама қарсылық, түспен бөлу, жартылай реңктер және көлеңкелер сияқты баспа қоюлығының параметрлерін өзгертеді.
- **Paper Types** (Қағаз Түрлері). Әр баспа құралы түріне арналған бланк, алдын ала тесілген немесе жылтыр қағаз сияқты баспа режимдерін өзгерту.
- **Extended Print Modes** (Кеңейтілген баспа режимдері). Стандартты баспа режимдерін өзгерту.
- **System Setup** (Жүйені орнату). Жүйенің кептелудің орнын басу және авто жалғастыру сияқты баптауларын өзгерту. Тонердің аз деңгейі жөніндегі хабар жіберетін **Cartridge low threshold** (Картридждің төменгі шегі) параметрін өзгерту.
- **Service** (Қызмет). Өнім күтімі үшін қажетті түрлі процедуралармен байланыстырады.
- **Save/Restore Settings** (Параметрлерді Сақтау/Қалпына келтіру). Өнімнің ағымдағы параметрлерін компьютеріңіздегі файлға сақтау. Осы файлды ұқсас параметрлерді өзге құрылғыға жүктеу үшін немесе бұл параметрлерді өнімнің өзіне кешірек қайтару үшін пайдаланыңыз.
- **Password** (Кілтсөз). Құрылғы параметрлерін сақтандыру үшін кілтсөз орнату. Кілтсөз бір рет орнатылған болса, құрылғы параметрлерін өзгертер алдында пайдаланушыдан кілтсөзді енгізу сұратылады. Бұл кілтсөз енгізілген веб-серверінің кілтсөзіне ұқсас.

Құрылғы туралы ақпарат

Құрылғы жөніндегі ақпарат бетінде өніміңіз жөніндегі ақпарат болашақта біліп жүру үшін сақталған. Осы бет жолақтарына енгізген аКонфигурациялау бетінде шығарылады. Сіз бұл жолақтардың әр қайсысында кез-келгенін таңбаларды тере аласыз.



ЕСКЕРІМ: Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.


Қағазды Қолдану

Осы опцияны стандартты параметрлеріңізді конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Бұл опциялар басқару панеліндегі басқару панелі мәзірінен қол жеткізуге болатын опциялармен бірдей. Толық ақпарат алу үшін [Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз 56-бетте](#) қараңыз.

Өнімде баспа құралдары болмаған жағдайда баспа тапсырмасын орындаудың келесі опцияларын пайдалануға болады:


- **Wait for paper to be loaded** (Қағаз салынғанша күтіңіз) опциясын таңдаңыз.
- Баспа тапсырмасын тоқтату үшін **Paper out action** (Қағаз таусылғандағы әрекет) жайылмалы мәзірінде **Cancel** (Бас тарту) батырмасын таңдаңыз.
- Баспа тапсырмасын өзге қағаз науасына жіберу үшін тоқтату үшін **Paper out time** (Қағаз таусылу уақыты) жайылмалы мәзірінде **Override** (Орнын басу) батырмасын таңдаңыз.

Paper out time (Қағаз таусылу уақыты) жолағында өнімнің таңдауыңыз бойынша амал орындау алдында қанша уақыт үзіліс жасайтындығы белгіленеді. Сіз 0-3600 секунд аралығын белгілей аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.


Басып шығару

Осы опцияларды барлық баспа қызметтерінің параметрлерін конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Бұл опциялар басқару панелінен қол жеткізуге болатын опциялармен бірдей. Толық ақпарат алу үшін [Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз 56-бетте](#) қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.


PCL 5c

Осы опцияларды PCL баспа ерекшеліктерін пайдаланғаныңызда параметрлерді конфигурациялау үшін пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.


PostScript.

Осы опцияларды PostScript баспа ерекшеліктерін пайдаланғаныңызда параметрлерді конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. **Print PostScript error** (Баспа PostScript қателігі) опциясы қосылған жағдайда PostScript қателігі орын алғанда PostScript қателігінің беті автоматты түрде басылып шығарылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

Фото

Осы опцияларды фотосуреттерді басып шығаруды конфигурациялау үшін және жад карталарын пайдалануды қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.


Баспа Сапасы

Осы опцияларды баспа жұмыстарыңыздың сапасын жақсарту үшін пайдаланыңыз. Бұл опциялар басқару панелінің мәзірінен қол жеткізуге болатын опциялармен бірдей. Толық ақпарат алу үшін [Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз 56-бетте](#) қараңыз.

Color Calibration (Түс Дәлдеуі)

- **Power On Calibration** (Қоректі Қосу Дәлдеуі). Өнімнің қосылғанында дәлдеуін жүзеге асыру-асырмауын белгілейді.
- **Calibration Timing** (Дәлдеу Уақыты). Өнімнің дәлдену жиілігін белгілейді.
- **Calibration Mode** (Дәлдеу режимі). Өнім пайдалануы тиіс дәлдеу түрін белгілеңіз.
 - **Қалыпты**
 - **Толық (баяу)**

Толық дәлдеу 100 x 150 мм (4 x 6 дюйм) HP Color Laser Photo Paper (HP Түсті Лазерлік Фото Қағазына) басылып шығарылатын фотосуреттердің түс сапасын жақсартады.
- **Calibrate Now** (Қазір тексеру). Өнімді дереу тексеруге қойыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.


Print Density (Баспа Қоюлығы)

Осы параметрді басып шығаратын құжатыңызда пайдаланылатын тонердің әр түсінің мөлшерін нақты дәлдеу үшін пайдаланыңыз.

- **Contrasts** (Контраст). Контраст ашық (Түспен бөлінген) және күңгірт (көлеңкелі) түстер арасындағы айырмашылық мөлшері болып табылады. Ашық және күңгірт түстер арасындағы жалпы айырмашылықты өсіру үшін **Contrasts** (Контраст) параметрлерінің мәндерін өсіріңіз.
- **Highlights** (Түспен бөлулер). Түспен бөлулер болып аққа жақын түстер табылады. Түспен бөлінген түстерді қоюлау үшін **Highlights** (Түспен бөлулер) параметрлерінің мәндерін өсіріңіз. Бұл реттеу жартылай реңктерге немесе көлеңкелі түстерге әсер етпейді.
- **Midtones** (Жартылай реңктер). Жартылай реңктер ақ пен біркелкі қоюлық арасындағы түстер болып табылады. Жартылай реңк түстерін қоюлау үшін **Midtones** (Жартылай реңктер) параметрлерінің мәндерін өсіріңіз. Бұл реттеу түспен бөлуге немесе көлеңкелі түстерге әсер етпейді.
- **Shadows** (Көлеңкелер). Көлеңкелер біркелкі қоюлыққа жақын түстер болып табылады. Көлеңке түстерін қоюлау үшін **Shadows** (Көлеңкелер) параметрлерінің мәндерін өсіріңіз. Бұл реттеу түспен бөлулерге немесе жартылай реңк түстеріне әсер етпейді.

Қағаз Түрлері

Осы опцияны түрлі баспа құралдарының түрлеріне сәйкес келетін баспа режимдерін конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Барлық режимдерді зауыттық стандартты параметрлерге қайтару үшін **Restore modes** (Режимдерді қалпына келтіру) тармағын таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

Кеңейтілген баспа режимдері

△ **ЕСКЕРТУ:** Осы жетілдірілген параметрлер баспа сапасын жақсарту үшін пайдаланылуы тиіс. Осы параметрлерді өзгерту баспа сапасы мен өнім жұмысына елеулі әсер етуі мүмкін.

Осы опцияны баспа драйверінен табылған түрлі баспа құралдарының түрлеріне сәйкес келетін **Fusing** (Қыздыру), **Transfer** (Өткізу), **Duplex Transfer** (Дуплексті өткізу) және **Toner** (Тонер) баспа режимдерін конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Оған қоса, сіз өнімнің барабан және өткізгіш белдігін тазалау сияқты **Optimize** (Оңтайлыландыру) параметрлерін өзгерте аласыз.

Барлық режимдердің зауыттық стандартты параметрлерін қалпына келтіру үшін **Restore modes** (Режимдерді қайтару) тармағын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

Баспа режимі	Параметр
Қыздыру Бұл баспа режимі термобекіткіш температурасын бақылайды.	<ul style="list-style-type: none">● Paper curl (Қағаздың бұралуы). Қағаз бұралуын болдырмау немесе азайту үшін термобекіткіш температурасын төмендетеді. Қағаз бұралуы аса ылғалды ортада пайдаланылатын жеңіл салмақты баспа құралдарында қиындық тудыруы мүмкін.● Heavy coverage (Ауыр мұқаба). Термобекіткіш температурасын тонердің көп мөлшері қажет етілгенде тонер бетке дұрыс қондырылатындай өсіреді.● Flap sealing (Бүктеменің жабысып қалуы). Термобекіткіш температурасын конверт бүктемесінің басып шығару барысында жабысып қалмайтынын қамтамасыз ету үшін төмендетеді.● Less/More fusing (Азырақ/Көбірек қыздыру). Термобекіткіш температурасының төмендетілген екі деңгейін және жоғарылатылған термобекіткіш температурасының екі деңгейін қамтамасыз етеді. Пайдаланушы ағымдағы баспа тапсырмасы үшін ең оңтайлы термобекіткіш температурасын таңдап алады.
Transfer (Өткізу) Осы баспа режимі өткізу тартылысының кернеуін бақылайды.	<ul style="list-style-type: none">● Dry paper (Құрғақ қағаз). Төмен ылғалды (құрғақ) орталарда баспа сапасына кері әсер ететін өткізу тартылысының кернеуін өсіреді.● Humid paper (Ылғалды қағаз). Жоғары ылғалды (сыз) орталарда баспа сапасына кері әсер ететін өткізу тартылысының кернеуін төмендетеді.● Rough paper (Беті тегіс емес қағаз). Беті тегіс емес қағазды (мысалы, құрамында мақтасы бар қағаз түрлерін) пайдалану барысында баспа сапасына кері әсер ететін өткізу тартылысының кернеуін өсіреді.● Less/More transfer (Азырақ/көбірек өткізу). Өткізу тартылысы кернеуінің төмендетілген екі деңгейін және жоғарылатылған өткізу тартылысы кернеуінің екі деңгейін қамтамасыз етеді. Пайдаланушы ағымды баспа тапсырмасы үшін ең оңтайлы өткізу тартылысы кернеуін таңдап алады.

Баспа режимі	Параметр
Duplex Transfer (Дуплексті өткізу)	Режим опциялары Transfer (Өткізу) режимі опцияларына ұқсас, бірақ өнім екі жақты дуплексті баспа тапсырмаларын орындау барысында қолданылады.
Осы баспа режимі дуплексті баспа тапсырмаларын өткізу тартылысы кернеуін бақылайды.	
Тонер	Азырақ тонер
Осы баспа режимі әр бетке қолданылатын тонер мөлшерін бақылайды.	Жоғары ылғалды (сыз) орталарда тонер дақтары сияқты баспа сапасы мәселелерін болдырмау үшін әр бет үшін пайдаланылатын тонердің әр түсінің мөлшерін азайтады. Опциялары 100% (Бапталмаған), 95% (-1), 90% (-2) және 85% (-3) тең.

Оңтайландыру

- **Фондық тонер**
Жылтыр баспа құралында басып шығару барысында фонды ашу үшін **On** (Қосу) тармағын таңдаңыз.
- **Қосымша барабанды тазалау**
Баспа сапасының қиыншылықтарын тудыруы мүмкін жоғары қышқылды баспа құралдарын пайдалану салдарынан болатын жұғындыларды азайту үшін **On** (Қосу) тармағын таңдаңыз.
- **Барабанды жолақтарға бөлу**
Фотосезімтал барабанда бейне сапасының айқын сызатты ақаулықтарының пайда болуын әр баспа тапсырмасынан кейін қосымша барабанның алдынала айналуын және аздап сілкіленуін (сілкеленуі барысында аздаған дыбыс шығарылады) тудыру жолымен азайту үшін **On** (Қосу) тармағын таңдаңыз.
- **Өткізу белдігін тазалау**
Өткізу белдігін тазалау процессінің нәтижелілігін арттырады. Алдында орындалған ауыр мұқабаны басу салдарынан сол мезетте басылып отырған тапсырмада алдыңғы бейнелер (іздері) қалып отырған жағдайда осы опцияны пайдаланыңыз.
- **Өткізу белдігін тазалау кернеуі**
Өткізу белдігін тазалау роликтерінің және щеткаларының кернеуін нақты дұрыстау мүмкіндігін береді.
- **Өткізу белдігінің кернеуі-С**
Сары баспа картриджінің Аралық Өткізу белдігінің (АӨБ) өткізу кернеуін нақты дұрыстау мүмкіндігін береді.
- **Өткізу белдігінің кернеуі-М**

Маджента баспа картриджінің Аралық Өткізу белдігінің (АӨБ) өткізу кернеуін нақты дұрыстау мүмкіндігін береді.

- Өткізу белдігінің кернеуі-Ц


Циан баспа картриджінің Аралық Өткізу белдігінің (АӨБ) өткізу кернеуін нақты дұрыстау мүмкіндігін береді.

- Өткізу белдігінің кернеуі-Қ

Қара баспа картриджінің Аралық Өткізу белдігінің (АӨБ) өткізу кернеуін нақты дұрыстау мүмкіндігін береді.

Жүйені орнату

Осы жүйе параметрлерін түрлі баспа параметрлерін конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Осы параметрлеріне басқару панелінен қол жеткізуге болмайды.

 **ЕСКЕРІМ:** Сіздің өзгертулеріңіз күшіне енуі үшін сіз **Apply** (Қолдану) батырмасын басуыңыз керек.

Қызмет

Басу процесі барысында қағаз, тонер және шаң түйіршіктері өнім ішінде жиналып қалады. Уақыт өте ол жұғындылар дақ пен ластау сияқты баспа сапасы мәселелерін туындатуы мүмкін. HP ToolboxFX қағаз өту жолын тазалаудың оңай әдісін қамтамасыз етеді. Толық ақпарат алу үшін [Өнімді тазалау 105-бетте](#) қараңыз.

Желі параметрлері

Желілік администратор осы жиекбелгіні өнім IP-негіздегі желіге қосылған жағдайда оның желіге қатысты параметрлерін басқару үшін пайдалана алады.

Жадбықтар дүкені

Әр беттің жоғарғы жағындағы осы батырма сіз өзінен қосалқы бөлшектерге тапсырыс бере алатын веб-сайтына сілтеме болып табылады. Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін сізде интернетке қосылыс болу тиіс.


Басқа байланыстар)

Бұл бөлімде сізді интернетке қосатын байланыстар бар. Осы байланыстардың кез келгенін пайдалану үшін сізде интернетке қосылыс болуы тиіс. Егер сізде телефон арқылы теріп қосылу байланысы болса және сіз HP ToolboxFX алғаш рет ашқанда байланыса алмасаңыз, сіз веб-сайттарға кірерден бұрын алдымен қосылып алуыңыз керек. Қосылу HP ToolboxFX жауып, қайта ашуыңызды талап етуі мүмкін.

- **HP Instant Support.** HP Instant Support веб-сайтына қосады.
- **Support and Troubleshooting** (Қолдау көрсету және Ақаулықтарды жою). Ішінен нақты мәселе бойынша көмек сұрай алатын қолдау сайтына қосады.
- **Product Registration** (Өнімді Тіркеу). HP өнімді тіркеу веб-сайтына қосады.

Енгiзiлген веб-серверiн пайдалану

Өнiм желiге жалғанған жағдайда енгiзiлген веб-серверiне қол жеткiзу автоматты түрде қосылады. Сiз енгiзiлген веб-серверiн Windows 95 және одан жаңа жүйеден апша аласыз.

 **ЕСКЕРiМ:** Өнiм тiкелей компьютерге жалғанған жағдайда өнiм мәртебесiн көру үшiн HP ToolboxFX пайдаланыңыз.


Енгiзiлген веб-серверi өнiм мен желiнiң мәртебесiн көруге және басып шығару функцияларын өнiмнiң басқару панелiнiң орнына компьютерден басқаруға мүмкiндiк бередi.

- Өнiмнiң басқару мәртебесi жөнiндегi ақпаратты көру.
- Әр науаға салынған қағаз түрiн белгiлеңiз.
- Барлық қамсыздандыру материалдарының қызмет мерзiмiн анықтап, жаңаларына тапсырыс берiңiз.
- Науалар конфигурацияларын көрiңiз және өзгертiңiз.
- Өнiм параметрлерiн көрiңiз және өзгертiңiз.
- Iшкi беттердi көрiңiз және басып шығарыңыз.
- Желi конфигурациясын көрiңiз және өзгертiңiз.
- Өнiмнiң ағымдағы күйiне тән қолдау мазмұнын көрiңiз.
- Түстi баспа мүмкiндiктерiне қол жеткiзудi шектеңiз.

Енгiзiлген веб-серверiн пайдалану үшiн сiзде Microsoft Internet Explorer 6 немесе одан жаңасы, Netscape Navigator 7 немесе одан жаңасы, Safari 1.2 немесе одан жаңасы, Konqueror 3.2 немесе одан жаңасы, Firefox 1.0 немесе одан жаңасы, Mozilla 1.6 немесе одан жаңасы немесе Opera 7 немесе одан жаңасы болуы тиiс. Енгiзiлген веб-серверi өнiм IP протоколына негiзделген желiге қосылған кезде iстейдi. Енгiзiлген веб-сервер IPX протоколына негiзделген немесе AppleTalk принтер байланыстарына қолдау көрсетпейдi. Енгiзiлген веб-серверiн ашып, пайдалану үшiн Интернет байланысы қажет емес.

Енгiзiлген веб-сервердi желiлiк қосылысты пайдалана отырып ашыңыз

1. Компьютерiңiздегi қолдаулы веб-сервердiң адрес/URL жолағында енгiзiлген веб-сервердiң IP адресiн терiңiз. (IP адресiн тауып алу үшiн конфигурациялау бетiн басып шығарыңыз. [Ақпараттық беттердi басып шығару 82-бетте](#) қараңыз.)

 **ЕСКЕРiМ:** Сiз URL ашқаннан кейiн, болашақта оған тез оралу үшiн оған бетбелгi сала аласыз.

2. Енгiзiлген веб-серверi параметрлер мен өнiм туралы ақпарат бар үш жиекбелгiсiнен құралған. **Status** (Мәртебе) жиекбелгiсi, **Settings** (параметрлер) жиекбелгiсi және **Networking** (Желiге қосылу) жиекбелгiсi. Өзiңiз қарағыңыз келетiн жиекбелгiнi таңдаңыз.

Келесi бөлiмдерден әр жиекбелгi жөнiндегi көбiрек ақпаратты көре аласыз.

Енгiзiлген веб-сервер бөлiмдерi

Төмендегi кестеде енгiзiлген веб-серверiнiң негiзгi көрiнiстерi сипатталған.

Жиекбелгі немесе бөлім	Сипаттамасы
<p>Status (Мәртебе) жиекбелгісі</p> <p>Өнім, мәртебе және конфигурация жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз етеді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Device Status (Өнім Мәртебесі): Өнім мәртебесін және қамсыздандыру материалының босау деңгейінің 0% көрсетіп, HP қамсыздандыру материалдарының қалған қызмет мерзімін көрсетеді. ● Supplies Status (Жабдықтар Мәртебесі): Жабдықтардың босау деңгейінің 0 пайызбен көрсетіп, HP жабдықтардың қалған қызмет мерзімін көрсетеді. Оған қоса, бұл бетте қосалқы бөлшек номерлерін көрсетілген. ● Device Configuration (Құрылғы Конфигурациясы): Өнімнің Конфигурация бетінде табылған ақпаратты көрсетеді. ● Network Summary (Желілік аңдатпа): Өнімнің Желілік Конфигурация бетінде табылған ақпаратты көрсетеді. ● Print Info Pages (Баспа Ақпаратының Беттері): Сізге PCL, PCL 6, PS Қаріптер тізімін және өнім құрған жабдықтардың мәртебе бетін басып шығару мүмкіндігін береді. ● Color Usage Job Log (Түсті пайдалану тапсырмалары журналы): Пайдаланушының әр жұмыс бойынша түсті баспа тапсырмалары жөніндегі ақпарат көрсетілген. ● Event log (Оқиғаларды тіркеу журналы): Өнімнің барлық оқиғалары мен қателіктерінің тізімін көрсетеді. ● Support (Қолдау) батырмасы: Өнімді қолдау бетіне байланысы бар. Support (Қолдау) батырмасы кілтсөзбен қорғалған болуы мүмкін. ● Shop Online for Supplies (Жабдықтар дүкені) батырмасы: Өнім жабдықтарға тапсырыс бере алатын бетке байланыстар береді. Shop for Supplies (Жабдықтар дүкені) батырмасы кілтсөзбен қорғалған болуы мүмкін.
<p>Settings (Параметрлер) жиекбелгісі</p> <p>Өнімді компьютеріңізден конфигурациялау мүмкіндігін береді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Device Information (Құрылғы туралы ақпарат): Сізге өнімді атап, оған растау номерін белгілеу мүмкіндігін береді. Өнім жөніндегі ақпаратты алатын негізгі істес кісі есімін енгізіңіз. ● Paper Handling (Қағазды қолдану): Сізге өнімнің қағазды қолдану бойынша стандартты параметрлерді өзгерту мүмкіндігін береді. ● Printing (Басып шығару): Сізге өнімнің басып шығару бойынша стандартты параметрлерді өзгерту мүмкіндігін береді. ● PCL 5c: Сізге өнімнің PCL 5c бойынша стандартты параметрлерін өзгерту мүмкіндігін береді. ● PostScript: Сізге өнімнің PostScript 5c бойынша стандартты параметрлерін өзгерту мүмкіндігін береді. ● Print Quality (Баспа Сапасы): Сізге өнімнің баспа сапасы бойынша стандартты параметрлерін, соның ішінде тексеру параметрлерін өзгерту мүмкіндігін береді. ● Print Density (Баспа Қоюлығы): Сізге әр қамсыздандыру материалы бойынша қарама қарсылық, түспен бөлу, жартылай реңктер және көлеңкелеу мәндерін өзгерту мүмкіндігін береді. ● Paper Types (Қағаз Түрлері): Сізге өнім қабылдайтын баспа құралдарына сәйкес келетін баспа режимдерін конфигурациялау мүмкіндігін береді. ● System Setup (Жүйені орнату): Сізге өнімнің жүйелік стандартты параметрлерін өзгерту мүмкіндігін береді. ● Service (Қызмет): Сізге өнімді тазалау процедурасын бастау мүмкіндігін береді.

Жиекбелгі немесе бөлім	Сипаттамасы
	<ul style="list-style-type: none"> • Support (Қолдау) батырмасы: Өнімді қолдау бетіне байланысы бар. Support (Қолдау) батырмасы кілтсөзбен қорғалған болуы мүмкін. • Shop Online for Supplies (Жабдықтар дүкені) батырмасы: Өнім жабдықтарға тапсырыс бере алатын бетке байланыстар береді. Shop for Supplies (Жабдықтар дүкені) батырмасы кілтсөзбен қорғалған болуы мүмкін. <p>ЕСКЕПІМ: Settings (Параметрлер) жиекбелгісі кілтсөзбен қорғала алады. Бұл өнім желіде орнатылған болса, осы жиекбелгі параметрлерін өзгертер алдында әрдайым желілік администратормен кеңесіп отырыңыз.</p>
<p>Networking (Желіге қосылу) жиекбелгісі</p> <p>Желілік параметрлерді компьютеріңізден өзгерту мүмкіндігін береді.</p>	<p>Желілік администратор осы жиекбелгіні өнім IP-негіздегі желіге қосылған жағдайда оның желіге қатысты параметрлерін басқару үшін пайдалана алады. Бұл жиекбелгі өнім тікелей компьютерге жалғанғанда шығарылмайды.</p> <p>ЕСКЕПІМ: Networking (Желіге қосылу) жиекбелгісі кілтсөзбен қорғалуы мүмкін.</p>

Өнімді Macintosh жүйесін пайдалана отырып конфигурациялау

The HP енгізілген веб-серверіне (EWS) баспа кезегін көргенде **Utility** (Утилита) батырмасын басып, кіруге болады. Бұл әрекет пайдаланушыға EWS кіру мүмкіндігін беретін Safari сияқты веб-браузерін ашады. Оған қоса, EWS ішіне өнімнің IP адресін немесе DNS атауын тікелей веб-браузерінде теру жолымен кіруге болады.

Оған қоса, автоматты түрде орнатылатын HP USB EWS Шлюздік бағдарламалық құралы өнім USB кабелі арқылы жалғанған жағдайда веб-браузеріне өніммен байланысу мүмкіндігін береді. USB кабелі пайдаланылған жағдайда EWS ішіне веб-браузері арқылы кіру үшін **Utility** (Утилита) батырмасын басыңыз.

EWS келесі тапсырмаларды орындау үшін пайдаланыңыз:

- Құрылғы мәртебесін көру және құрылғы параметрлерін өзгерту.
- Құрылғының желілік параметрлерін көру және өзгерту.
- Құрылғының ақпарат беттерін басып шығару.
- Құрылғының оқиғалар журналын көру.

Жабдықтарды басқару

Басып шығару картриджін сақтау

Сіз басып шығару картриджін пайдалануға дайын болғанша оны орауышынан шығармаңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Басып шығару картриджінің зақымдалуын болдырмау үшін, оның жарық жерде қалу ұзақтығы бірнеше минуттан аспауы тиіс.

HP -емес баспа картридждеріне қатысты HP саясаты

Hewlett-Packard Компаниясы жаңа немесе қалпына келтірілген HP -емес баспа картридждерін пайдалануды ұсынбайды.

- 📄 **ЕСКЕРІМ:** HP -емес баспа картридждерін пайдалану салдарынан келтірілген ешбір зақымдану HP кепілдік және қызмет көрсету жөніндегі келісімдермен қамтылмайды.

HP жаңа баспа картриджін орнату жөніндегі ақпаратты табу үшін, қараңыз [Баспа картридждерін ауыстыру 98-бетте](#). Пайдаланылған картридждерді қайта өңдеуге тапсыру үшін, жаңа картриджбен жеткізілетін нұсқаулықты орындаңыз.

алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі және Web-сайты

Егер сіз HP басып шығару картриджін орнатсаңыз, және басқару панелінің хабары картридждің HP еместігін көрсетсе, алдау оқиғасы жөнінде HP жедел байланыс желісі арқылы хабарлаңыз (1-877-219-3183, Солтүстік Америкада тегін) немесе www.hp.com/go/anticounterfeit сайты пайдаланыңыз. HP компаниясы картридждің шынайы екендігін анықтауға көмектеседі және проблеманы шешу үшін шаралар қолданады.

Егер сіз төмендегілерді байқап қалсаңыз, сіздің басып шығару картриджіңіз шынайы HP басып шығару картриджі болмауы мүмкін:

- Басып шығару картриджін пайдаланғанда проблемалар көп кездеседі.
- Картридждің түрі әдеттегіден өзгеше (мысалы, жұлып алынатын қызғылт сары ілмегі жоқ немесе орауышы HP орауышынан өзгеше).

Автоматты түрде жалғастыру

Order Supplies (Жабдықтарға тапсырыс беру) хабары картридж қызмет мерзімі аяқталуға жақындағанда пайда болады. **Жабдықтарды ауыстырыңыз** хабары баспа картриджі алынғанда шығарылады. Оңтайлы баспа сапасын қамтамасыз ету үшін, HP баспа картриджін **Жабдықтарды ауыстырыңыз** хабары шығарылғанда ауыстыруға ұсынады. Баспа сапасына қатысты мәселелер баспа құралы мен өзге картридждер тонерін ластауға әкеп соғатын алынған картриджді пайдалану жағдайында туындауы мүмкін. Баспа картриджін **Жабдықтарды ауыстырыңыз** хабары шығарылғанда ауыстыру ондай ластануды болдырмайды.

HP ToolboxFX ішіндегі **Auto continue** (Авто жалғастыру) мүмкіндігі өнімге ұсынылған ауыстыру шегіне жеткен принтерді пайдалана отырып басуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** **Auto continue** (Авто жалғастыру) мүмкіндігі пайдалану қанағаттандырмайтын баспа сапасына әкеп соғуы мүмкін.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Барлық баспа ақаулықтары мен жабдықтардың зақымданулары HP жабдықтарын картридж таусылғандығын елемеу режимінде пайдаланғанда орын алып, HP Баспа Картридждерін Кепілдендіру Мәлімдемесі бойынша жабдықтардағы немесе өндірілуіндегі ақаулық ретінде қарастырылмайды. Толық ақпарат алу үшін [Баспа картриджінің шектеулі кепілдігі жөніндегі мәлімдеме 144-бетте](#) қараңыз.


Сіз **Auto continue** (Авто жалғастыру) мүмкіндігін кез келген уақытта қоса аласыз немесе өшіре аласыз және сіз оны жаңа баспа картриджін орнатқанда қайта қоса алмайсыз. **Auto continue** (Авто жалғастыру) мүмкіндігі қосылған жағдайда, баспа картриджі ұсынылған ауыстыру шегіне жеткенде өнім басуды автоматты түрде жалғастырады. **Replace Supplies Override In Use** (Шегіне жеткен, Пайдаланыстағы жабдықтарды Ауыстыру) хабары баспа картриджі шегі асырылған режимінде қолданылған жағдайда шығарылады. Сіз баспа картриджін жаңа жабдықтармен ауыстырғанда өнім асырылған режимін өзге баспа картриджі ұсынылған ауыстыру шегіне жеткенше өшіреді.

Картридж таусылғандығын елемеу мүмкіндігін қосу немесе өшіру


1. HP ToolboxFX ашыңыз.
2. **Device Settings** (Құрылғы Параметрлері) папкасын ашып, ішінен **System Setup** (Жүйені орнату) бетіне өтіңіз.
3. Мүмкіндікті қосу үшін **Auto continue** (Авто жалғастыру) тармағының жанындағы **On** (Қосу) тармағын таңдаңыз. Оны өшіру үшін **Off** (Өшіру) тармағын таңдаңыз.

Баспа картридждерін ауыстыру


1. Алдыңғы есікті ашыңыз.




2. Баспа картридждерінің тартпасын тартып алыңыз.




3. Ескі баспа картридждерінің тұтқаларынан мықтап ұстап, шығарып алу үшін картриджді тіке жоғары тартыңыз.




4. Жаңа баспа картриджін қаптамасынан шығарып алыңыз.




5. Жаңа баспа картриджінің төменгі жағындағы қызғылт пластикалық таспаны алып тастаңыз.




- △ **ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджінің төменгі жағындағы бейнелеу барабанына тимеңіз. Бейнелеу барабанындағы бармақсаусақ іздері баспа сапасына кері әсер етеді.




6. Жаңа баспа картриджін өнімге салыңыз.




7. Бітеуші таспаны толық алып тастау үшін, баспа картриджінің сол жағындағы жапсырманы тіке жоғары тартыңыз. Бітеуші таспаны лақтырып тастаңыз.



8. Баспа картриджінің тартпасын жабыңыз.



9. Алдыңғы есікті жабыңыз.



10. Ескі баспа картриджін жаңа баспа картриджінің қорабына салыңыз. Қорап ішіндегі қайта өңдеуге тапсыру жөніндегі нұсқаулықты орындаңыз.

Жадпен жұмыс істеу

Өнім жады

Өнімнің қос желілі жад модулінің (DIMM) бір слоты бар. DIMM слотын өнімді келесі тармақтармен жетілдіру үшін пайдаланыңыз:

- Өнімнің кеңейтілген жады (64, 128 және 256 МБ DIMMs бар)
- Өзге DIMM негізіндегі принтер тілдері мен өнім опциялары

 **ЕСКЕРІМ:** DIMMs тапсырыс беру үшін [Жабдықтар және керек-жарақтар 137-бетте](#) қараңыз.

Сіз жиі кешенді графиканы немесе HP postscript 3 деңгейлі эмуляцияны басып шығаратын болсаңыз немесе көптеген жүктелген қаріптерді пайдалансаңыз, өнімнің жадын кеңейтуді қалауыңыз мүмкін. Оған қоса, қосымша жад көптеген жиналған көшірмені барынша жылдам басып шығару мүмкіндігін қосады.

Қосымша жадқа тапсырыс бермес бұрын, Конфигурациялау бетін басып шығарып, ағымдағы мезетте қанша жад орнатылғандығын тексеріп алыңыз. [Ақпараттық беттерді басып шығару 82-бетте](#) қараңыз.


DIMM модульдері орнату

Өнімге таңбаларды (мысалы, Қытай тілінің немесе Кириллица алфавитінің таңбаларын) басып шығару мүмкіндігін беру үшін көбірек жадты немесе қаріп DIMM орната аласыз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Статикалық электр DIMM модульдерін зақымдауы мүмкін. DIMM модульдерін ұстаған кезде, статикаға қарсы білезік тағып алыңыз, не болмаса жиі DIMM модульдерінің статикаға қарсы орауышын ұстап, содан кейін құрылғыдағы жалаң металды ұстап тұрыңыз.

Жад және қаріп DIMM модульдерін орнату


1. Өнімді өшіріп, барлық қорек және интерфейс кабельдерін ажыратыңыз.
2. Өнімнің оң жағындағы DIMM модулінің есігін ашыңыз.




3. Ағымдағы мезетте орнатылған DIMM ауыстыру үшін, DIMM слотының екі жағындағы бекіткіштерді босатып, DIMM картасын қиғашынан жоғары тартып, шығарып алыңыз.




4. Жаңа DIMM модулін антистатикалық орағышынан шығарып алып, DIMM астыңғы бөлігіндегі орнату ойықтанын тауып алыңыз.



5. DIMM картасын жиектерінен ұстап, DIMM модуліндегі ойықтарды DIMM слотының кертігіне сәйкестендіріңіз.




6. Бекіткіштердің екеуі де DIMM модулін ұстап қалғанша DIMM модуліне басыңыз. Орнату дұрыс орнатылған жағдайда метал түйіспелері көрінбейді.



ЕСКЕРІМ: Егер сіз DIMM орнату барысында қиыншылықтарға тап болсаңыз, DIMM модулінің төменгі жағындағы ойықтардың DIMM слотының кертігіне сәйкестендірілгендігіне көз жеткізіңіз. DIMM модулі одан кейін де орнына қонбаса, өзіңіздің дұрыс DIMM түрін пайдаланып отырғандығына көз жеткізіңіз.

7. DIMM модулінің есігін жабыңыз.



8. Қорек кабелін және USB немесе желі кабелін қайта жалғап, өнімді қосыңыз.
9. Жад DIMM орнатқаннан кейін [Жадты қосу 103-бетте](#) қараңыз.

Жадты қосу

Егер сіз жад DIMM модулін орнатқан болсаңыз, принтер драйверін жаңадан қосылған жадты тануға қойыңыз.

Windows жүйесінде жад қосу

1. **Start** (Бастау) мәзірінен **Settings** (Параметрлер) тармағын таңдап, одан кейін **Printers** (Принтерлер) немесе **Printers and Faxes** (Принтерлер және Факстар) тармағын тандаңыз.
2. Осы өнімді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттері) тармағын таңдаңыз.
3. **Configure** (Конфигурациялау) жиекбелгісінде **More** (Көбірек) батырмасын басыңыз.
4. **Total Memory** (Толық жад) жолағында жаңадан орнатылған жадтың толық көлемін теріңіз немесе таңдап алыңыз.
5. **OK** батырмасын басыңыз.

DIMM орнатылуын тексеріңіз

Өнімді қайта қосыңыз. Өнім жұмысты бастау процедурасынан кейін **Дайын** күйінде екендігін тексеріңіз. Қателік жөніндегі хабар шығарылған жағдайда келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. [Ақпараттық беттерді басып шығару 82-бетте](#) қараңыз.
2. Конфигурация бетіндегі Орнатылған Ерекшеліктер мен Опциялар бөлімін тексеріп, оны DIMM орнату алдында басып шығарған Конфигурация бетімен салыстырыңыз.
3. DIMM дұрыс орнатылмауы мүмкін. Орнату процедурасын қайталаңыз.

—немесе—

DIMM модулі ақаулы болуы мүмкін. Жаңа DIMM салып көріңіз.

Өнімді тазалау

Басып шығару кезінде принтердің ішінде қағаз, тонер және шаң жиналып қалуы мүмкін. Уақыт өте ол жұғындылар дақ пен ластау сияқты баспа сапасы мәселелерін туындатуы мүмкін. Бұл өнімнің сондай мәселелерді түзетіп, болдырмау мүмкіндігін беретін тазалау режимі бар.

1. HP ToolboxFX ашыңыз. [HP ToolboxFX көру 83-бетте](#) қараңыз.
2. **Device Settings** (Құрылғы Параметрлері) папкасын ашып, ішінен **Service** (Қызмет) бетіне өтіңіз.
3. **Cleaning Mode** (Тазарту Режимі) аумағында тазалауды бастау үшін **Start** (Бастау) батырмасын шертіңіз.

Өнім бір бетті өңдеп, тазалау процессі аяқталғанда оны **Ready** (Дайын) күйіне қайтарады.

Аппараттық құралды жетілдіру

Өнімнің аппараттық құралын жетілдіру үшін, www.hp.com/go/ljcp1510series_software ішінен аппараттық құралды жетілдіру файлыны жүктеп, желіңізге немесе компьютеріңізге сақтап қойыңыз.

10 Мәселелерді шешу

- [Негізгі Ақаулықтарды түзету тізімі](#)
- [Басқару панелінің және мәртебенің сигналдық хабарлары](#)
- [Кептелу](#)
- [Баспа сапасының мәселелері](#)
- [Тиімділік мәселелері](#)
- [Өнім бағдарламалық құралының мәселелері](#)
- [Macintosh мәселелері](#)

Негізгі Ақаулықтарды түзету тізімі

Өнімді пайдалануда қиыншылықтарға кездесетін болсаңыз, ақаулық себебін анықтау үшін келесі тізімді қараңыз:

- Өнім қорек көзіне жалғанған ба?
- Өнім қосылған ба?
- Өнім **Дайын** күйінде ме?
- Барлық қажетті кабельдер жалғанған ба?
- Шынайы HP қамсыздандыру материалдары орнатылған ба?
- Жақында ауыстырылған баспа картридждері дұрыс орнатылып, картридждің тартып алынатын жапсырмасы алынған ба?

Орнату және дәлдеу бойынша қосымша ақпаратты алғашқы іске қосу нұсқаулығынан қараңыз.

Егер Сіз мәселе шешімін осы нұсқаулықтан таба алмасаңыз, өтіңіз www.hp.com/support/ljcp1510series.

Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар

Тапсырманы басып шығару уақытына әсер ететін бірнеше жағдайлар:

- Өнімнің бір минутта шығаратын бет санымен (мин/бет) өлшенетін ең жоғарғы жылдамдығы
- Арнайы қағазды пайдалану (диапозитивтер, ауыр қағаз және бейімделген өлшемді қағаз сияқты)
- Өнімнің өңдеу және жүктеу уақыты
- Графиканың күрделілігі мен өлшемі
- Сіз пайдаланатын компьютердің жылдамдығы
- USB байланысы

Басқару панелінің және мәртебенің сигналдық хабарлары

Басқару панелінің хабарлары өнімнің ағымдағы мәртебесін немесе араласуды қажет ететін жағдайларды көрсетіп тұрады.

Мәртебенің сигналдық хабарлары өнім нақты мәселеге тап болғанда компьютер экранына шығарылады (басқару панелінің хабарларына қосымша түрде). Мәртебенің сигналдық хабарлары болғанда, келесі кестенің **Status alert** (Мәртебенің сигналдық хабарлары) бағанында ✓ пайда болады.

Мәртебенің сигналдық хабарлары қысқа мерзімге көрсетіліп, көрегеніңізді басып шығаруға оралу үшін **OK** батырмасын немесе тапсырманы тоқтату үшін **X** батырмасын басу жолымен растауды талап етуі мүмкін. Белгілі бір хабарлар шыққанда тапсырма бітпей қалуы мүмкін немесе басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін. Егер сигналдық хабары басып шығаруға қатысты болса және автоматты жалғастыру функциясы қосылған жағдайда хабар 10 секундқа шыққаннан кейін өнім басып шығару тапсырмасын растаусыз жалғастыруға әрекет жасайды.


Кейбір хабарларда өнімді өшіріп, қайта қосу ақаулықты түзетуі мүмкін. Егер төтенше қателер жойылмаса, өнімге жөндеу қажет етілуі мүмкін.

Басқару панелінің сигналдық хабарлары	Мәртебенің сигналдық хабарлары	Сипаттамасы	Ұсынылатын амал
# науаға <ТҮРІ> <ӨЛШЕМІ> салу	✓	Науа баспа тапсырмасы қажет ететін баспа құралының түрі мен өлшеміне конфигурацияланған, бірақ ол науа бос.	Дұрыс баспа құралын науаға жүктеңіз немесе өзге науадағы баспа құралын пайдалану үшін OK батырмасын басыңыз.
#-науа ішінде күтпеген өлшем Жүктеу [өлшем] [OK] батырмасын басыңыз	✓	Өнім науа ішінен сол науа конфигурациясына сәйкес келмейтін баспа құралын анықтады.	Науаға дұрыс баспа құралын салыңыз немесе науаны жүктеген өлшемге конфигурациялаңыз. Науаны өнімнен тартып шығарып, барлық қағазды алып тастаңыз. 27-бетте қараңыз.
<Орны> ішіндегі кептелу	✓	Өнім кептелуді анықтады.	Көрсетілген жердегі кептелуді тазалаңыз. Тапсырма жалғастырылуы тиіс. Болмаған жағдайда, тапсырманы қайта басып көріңіз. Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.
<ТҮРІ> <ӨЛШЕМІ> қолмен беру [OK] батырмасын басыңыз жарамды баспа құралы үшін	✓	Өнім қолмен беру режиміне ауыстырылған.	Хабарды өшіру үшін OK батырмасын <i>немесе</i> дұрыс баспа құралын 1-науаға салыңыз.
<Түс> картридждің ауыстырыңыз	✓	Баспа картриджді бос.	Картриджді ауыстырыңыз. Баспа картридждерін ауыстыру 98-бетте қараңыз.

Басқару панелінің сигналдық хабарлары	Мәртебенің сигналдық хабарлары	Сипаттамасы	Ұсынылатын амал
<Түс> картриджіне тапсырыс беру	✓	Баспа картридждерінің қызмет мерзімінің аяқталуы жақындағанын анықтайды.	Анықталған баспа картридждеріне тапсырыс беру. Басу <Түс> картриджін ауыстырыңыз шығарылғанша жалғасады. Толық ақпарат алу үшін Жабдықтар және керек-жарақтар 137-бетте қараңыз.
<Түс> картриджін орнату	✓	Картридж өнімге не орнатылмаған, не дұрыс орнатылмаған.	Баспа картриджін орнатыңыз. Баспа картридждерін ауыстыру 98-бетте қараңыз.
<Түс> картриджінің тасымал ілмегін алып тастау	✓	Баспа картриджінің тасымал ілмегі орнатылған.	Баспа картриджінің тасымал ілмегі алынғандығына көз жеткізіңіз.
<Түс> қате орнатылған	✓	Баспа картриджі қате слотқа орнатылған.	Әр баспа картриджінің дұрыс слотқа орнатылғандығын тексеріңіз. Үстінен астыға бетте баспа картридждері келесі кезектілікпен орнатылады: сары, қызыл, көгілдір, қара.
10.XXXX Жабдық қателігі	✓	Баспа картридждерінің бірінің электронды жапсырмасы оқылмайды немесе жоқ. <ul style="list-style-type: none"> • 10.0000 = қара түстің электронды жапсырмасының қателігі • 10.0001 = көгілдір түстің электронды жапсырмасының қателігі • 10.0002 = қызыл түстің электронды жапсырмасының қателігі • 10.0003 = сары түстің электронды жапсырмасының қателігі • 10.1000 = қара түстің электронды жапсырмасы жоқ • 10.1001 = көгілдір түстің электронды жапсырмасы жоқ • 10.1002 = қызыл түстің электронды жапсырмасы жоқ • 10.1003 = сары түстің электронды жапсырмасы жоқ 	Баспа картриджін қайта орнатыңыз. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. Мәселе шешілмесе, картриджді ауыстырыңыз.
1-науаға <TYP> <ӨЛШЕМІ> салу	✓	Баспа тапсырмасы қажет ететін баспа құралының түрі	Дұрыс баспа құралын 1-науаға жүктеңіз немесе өзге науадағы

Басқару панелінің сигналдық хабарлары	Мәртебенің сигналдық хабарлары	Сипаттамасы	Ұсынылатын амал
		мен өлшеміне ешбір науа конфигурацияланбаған.	баспа құралын пайдалану үшін OK батырмасын басыңыз.
1-науаға тегіс <ӨЛШЕМІ> салу	✓	Өнім тазалау операциясын орындауға өзір.	1-науа ішіне көрсетілген өлшемді таза парақты салып, одан кейін OK батырмасын басыңыз.
Тазарту режимі бастау үшін [OK] басыңыз.			
2-науадағы кептелу	✓	Өнім кептелуді анықтады.	Көрсетілген жердегі кептелуді тазалаңыз да, OK батырмасын басыңыз. Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.
Кептелуді тазалап, одан кейін [OK] батырмасын басыңыз			
49 Қателігі		Өнім ішкі қателікке кездесті.	Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз. Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.
Өшіріп, қайта қосыңыз			
50.X Термобекіткіш қателігі	✓	Өнім термобекіткіш қателігіне кездесті.	Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. Өнімді өшіріп, кем дегенде 25 минут күтіп, өнімді қайта қосыңыз. Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз. Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.
Өшіріп, қайта қосыңыз			
51.XX Қателігі	✓	Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.	Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз. Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз,
Өшіріп, қайта қосыңыз			

Басқару панелінің сигналдық хабарлары	Мәртебенің сигналдық хабарлары	Сипаттамасы	Ұсынылатын амал
54.XX Қателігі	✓	Өнім ішкі сенсорлардың бірінің қателігіне кездесті.	<p>өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, НР қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.</p>
Өшіріп, қайта қосыңыз			<p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, НР қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.</p>
55.X Қателігі	✓	Өнім ішкі байланыс қателігіне кездесті.	<p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, НР қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.</p>
Өшіріп, қайта қосыңыз			
57 Желдеткіш қателігі	✓	Өнімде ішкі желдеткішіне қатысты мәселе пайда болды.	<p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, НР қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.</p>
Өшіріп, қайта қосыңыз			
59.X Қателігі	✓	Өнім қозғалтқыштардың бірінің қателігіне кездесті.	Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта


Басқару панелінің сигналдық хабарлары	Мәртебенің сигналдық хабарлары	Сипаттамасы	Ұсынылатын амал
Өшіріп, қайта қосыңыз			<p>қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.</p>
79 Қателігі Өшіріп, қайта қосыңыз		Өнімде ішкі енгізілген бағдарламалық құралға қатысты қате пайда болды.	<p>Өнімді өшіріп, кем дегенде 30 секунд күтіп, одан кейін қайта қосыңыз да, іске қосылуын күтіңіз.</p> <p>Егер сіз тоқ ауытқуларынан қорғағышты пайдалансаңыз, өшіріңіз. Өнімді тікелей қабырғадағы розеткаға қосыңыз. Өнімді қайта қосыңыз.</p> <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.</p>
79 Қызметтік қателігі Өшіріп, қайта қосыңыз		Үйлеспейтін DIMM орнатылған.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді қайта қосыңыз. 2. Өнім қолдайтын DIMM орнатыңыз. Қолдаулы DIMM модульдері тізімін Қызмет және Қолдау 141-бетте ішінен қараңыз. DIMM модулін орнату нұсқауларын DIMM модульдері орнату 101-бетте ішінен қараңыз. 3. Өнімді қайта қосыңыз. <p>Хабар шығарылуы тоқтамаса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз. Қызмет және Қолдау 141-бетте қараңыз.</p>
HP емес жабдықтары орнатылған		HP емес жабдықтары орнатылады.	<p>Егер сіз сатып алғаныңыз HP жабдықтары болып табылатындығына сенімді болсаңыз www.hp.com/go/anticounterfeit сайтына өтіңіз.</p> <p>HP емес жабдықтарын орнату салдарынан туындаған қызметті немесе жөндеуді қажет ету HP кепілдігімен қамтылмайды.</p>

Басқару панелінің сигналдық хабарлары	Мәртебенің сигналдық хабарлары	Сипаттамасы	Ұсынылатын амал
Алды Есік ашық	✓	Өнімнің алдыңғы есігі ашық.	Есікті жабыңыз.
Арты Есік ашық	✓	Өнімнің артқы есігі ашық.	Есікті жабыңыз.
Басып шығару сәтсіздігі [OK] батырмасын басыңыз қателік қайталанған жағдайда өшіріп, қайта қосыңыз	✓	Өнім бетті өңдей алмайды.	Баспа тапсырмасын жалғастыру үшін OK батырмасын басыңыз, бірақ баспа шығысына әсер етуі мүмкін. Егер қате жойылмаса, қоректі өшіріп, қайта қосыңыз. Баспа тапсырмасын қайта жіберіңіз.
Дұрыс емес жабдықтар	✓	Біреуден көп баспа картриджі дұрыс емес слотқа орнатылған.	Әр баспа картриджінің дұрыс слотқа орнатылғандығын тексеріңіз. Үстінен астыға бетте баспа картридждері келесі кезектілікпен орнатылады: сары, қызыл, көгілдір, қара.
Жабдықтарына тапсырыс беру	✓	Біреуден көп жабдықтардың мөлшері төмен.	Қандай картридж деңгейі төмендегенін анықтау үшін басқару панеліндегі жабдықтардың мөлшерінің өлшем бірліктерін тексеріңіз немесе жабдықтар мәртебесі бетін басып шығарыңыз. Ақпараттық беттерді басып шығару 82-бетте қараңыз. Анықталған баспа картридждеріне тапсырыс беру. Басу <Түс> картриджін ауыстырыңыз шығарылғанша жалғасады. Толық ақпарат алу үшін Жабдықтар және керек-жарақтар 137-бетте қараңыз.
Жабдықты ауыстырыңыз Ауыстыруды пайдалану	✓	Баспа сапасы мәзірінің Жабдықтарды ауыстырыңыз тармағы Таусылғанын елемеу күйіне қойылған.	Хабар баспа сапасының төмендеуіне әкеп соққанша басып шығаруды жалғастыра бере аласыз. Жүйені орнату мәзірі 57-бетте қараңыз.
Жад аз [OK] батырмасын басыңыз	✓	Өнім жады толуға жақын.	Тапсырманы аяқтау үшін OK батырмасын немесе тапсырмадан бас тарту үшін X батырмасын басыңыз. Тапсырманы беттері аз кішкентай тапсырмаларға бөліңіз. Өнім жадын кеңейту жөніндегі ақпаратты DIMM модульдері орнату 101-бетте бөлімінен қараңыз.

Басқару панелінің сигналдық хабарлары	Мәртебенің сигналдық хабарлары	Сипаттамасы	Ұсынылатын амал
Жарамсыз драйвер [ОК] батырмасын басыңыз	✓	Сіз принтердің дұрыс емес драйверін қолданып отырсыз.	Дұрыс принтер драйверін таңдаңыз.
Қағаз салу	✓	2-науа бос.	Баспа құралын 2-науа ішіне салыңыз.
Қате басу [ОК] батырмасын басыңыз	✓	Баспа құралы өнім арқылы өту кезінде кідірді.	Хабарды өшіру үшін ОК басыңыз.
Қолмен дуплекстеу #-науаға жүктеу[ОК] батырмасын басыңыз		Дуплексті тапсырманың бір жағы басылып шығарылды және бет екінші жағын өңдеуге жүктелуі тиіс.	Бетті көрсетілген науаға басылатын бетін жоғары және беттің жоғарғы жағын өзіңізден қаратып орналастырыңыз да, ОК батырмасын басыңыз.
Құрылғы қателігі [ОК] батырмасын басыңыз		Ішкі қателік орын алды.	Тапсырмаға қайту үшін ОК батырмасын басыңыз.
Орнатылған жабдықтар орнатылды Қабылдау үшін [ОК] батырмасын басыңыз	✓	Қайта толтырылған баспа картридж орнатылды.	Жалғастыру үшін ОК батырмасын басыңыз.
Пайдаланылып қойған <Түс> Картридж пайдаланылуда	✓	Қайта толтырылған картридж анықталып, қабылданды.	Араласу қажет емес.
Пайдаланылып қойған жабдықтар пайдаланылуда	✓	Қайта толтырылған баспа картридж орнатылды.	Ешқандай әрекет қажет емес.
Тасымал бекітпесін барлық картриджерден шешіңіз	✓	Баспа картриджінің тасымал ілмегі бір немесе бірнеше баспа картриджіне орнатылған.	Әр баспа картриджінің тасымал ілмегі алынғандығына көз жеткізіңіз.
Шынайы HP жабдығы орнатылды		Шынайы HP жабдығы орнатылған. Хабар жабдықтар орнатылғаннан кейін қысқа мерзімге шығарылып, орнына Дайын хабары шығады.	Ешқандай әрекет қажет емес.

Кептелу

Осы суретті кептелу орнын табу үшін пайдаланыңыз. Кептелулерді тазалау бойынша нұсқаулықтарды табу үшін [Кептелуді тазалау 118-бетте](#) қараңыз.



- | | |
|---|------------------------------------|
| 1 | Шығару науасы |
| 2 | 1-науа |
| 3 | 2-науа |
| 4 | Термобекіткіш (артқы есік астында) |

Кептелулер орнын басу

Кептелу орнын басу мүмкіндігі қосылғанда өнім кептелу барысында зақымдалған бетті қайта басады.

Кептелу орнын басу мүмкіндігін қосу үшін HP ToolboxFX пайдаланыңыз.

1. HP ToolboxFX ашыңыз. [HP ToolboxFX 17-бетте](#) қараңыз.
2. **Device Settings** (Құрылғы Параметрлері) папкасын ашып, ішінен **System Setup** (Жүйені орнату) басыңыз.
3. Жайылмалы тізімнен **Jam Recovery** (Кептелу орнын басу) мүмкіндігінен кейінгі **On** (Қосу) батырмасын басыңыз.

Кептелудің жиі кездесетін себептері

Кептелудің жиі кездесетін себептері¹

Себеп	Шешім
Қағаздың ұзындық және ендік бағыттаушылары дұрыс реттелмеген.	Бағыттаушыларды қағаз жинағы бойынша реттеңіз.
Медиа ерекшеліктерімен сәйкес келмейді.	HP ерекшеліктеріне сәйкес келетін медиа түрлерін ғана пайдаланыңыз. Қараңыз Қағаз және баспа құралы 19-бетте .


Кептелудің жиі кездесетін себептері¹

Себеп	Шешім
Сіз принтерден немесе көшіру құрылғысынан өткізілген медианы пайдаланып отырсыз.	Алдында басылып шығарылған немесе көшірілген медианы пайдаланбаңыз.
Әперу науасы дұрыс жүктелмеген.	Әперу науасындағы артқы медианы алып тастаңыз. Жинақ науадағы жинақтың ең көп биіктігінен төмен екендігіне көз жеткізіңіз. Қараңыз Науаны өнімнен тартып шығарып, барлық қағазды алып тастаңыз. 27-бетте.
Медиа қисық салынған.	Әперу науасының бағыттаушылары дұрыс реттелмеген. Оларды жинақты өз орнында қисайтпай ұстап тұратындай етіп реттеңіз.
Медиа жабысып немесе біріктіріліп қалған.	Медианы шығарып, иіп, 180 градусқа бұрыңыз немесе аударыңыз. Медианы әперу науасына қайта салыңыз. ЕСКЕРІМ: Қағазды желпілдетпеңіз. Желпілдету қағазды бір-біріне жабыстыратын статикалық электр тоғын тудыруы мүмкін.
Медиа шығару науасына жеткізілмей, алынып тасталған.	Парақтарды шығармас бұрын, олардың шығару науасына толықтай шығарылғанынша күтіңіз.
Қағаз сапасы нашар.	Медианы ауыстырыңыз.
Науаның ішкі роликтері медианы ала алмайды.	Медианың жоғарғы жағындағы беттерін алып тастаңыз. Медиа 163 г/м ² ауыр болатын болса, ол науадан алына алмауы мүмкін.
Медиа шеттері қатты немесе кедір-бұдыр.	Медианы ауыстырыңыз.
Медиа тесілген немесе бедерлі.	Тесілген немесе бедерлі медианы бір-бірінен ажырату қиын. Парақтарды бір-бірлеп салыңыз.
Қағаз дұрыс сақталмаған.	Науадағы парақтарды ауыстырыңыз. Қағаз өз қабында, бақыланатын ортада сақталуы тиіс.


¹ Өнім кептеуді тоқтатпаса, HP Тұтынушыларды Қолдау қызметімен немесе өзіңіздің авторизацияланған HP қызмет көрсетушісімен хабарласыңыз.

Кептелуді тазалау


1-науа ішінде кептелу

 **ЕСКЕРІМ:** Парақтар жыртылса, басып шығаруды бастамас бұрын барлық үзіктердің алынғандығына көз жеткізіңіз.


1. Егер сіз кептелген парақты көріп тұрсаңыз, оны тартып отырып, шығарып алыңыз.



2. Егер сіз кептелген парақты көрмесеңіз, 1-науа есігін ашыңыз да, 2-науа шығарып алыңыз.




3. 1-науа панелін босатып алу үшін екі құлақшаны босатыңыз.




4. Кептелген қағазды жоғары тартып, шығарып алыңыз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Кептелген қағазбен тартпаңыз. Оны сыртқа түзу тартып тұрғандығыңызға көз жеткізіңіз.



5. 1-науа панелін босатып алу үшін екі құлақшаны босатыңыз.




6. 2-науа ауыстырыңыз.




2-науа ішінде кептелу


1. 2-науа тартып шығарып, тегіс жерге қойыңыз.



2. Кептелген қағазды жоғары тартып, шығарып алыңыз.




3. 2-науа ауыстырыңыз.




4. Басып шығаруды жалғастыру үшін **ОК** батырмасын басыңыз.


Термобекіткіш жанындағы кептелу

1. Артқы есікті ашыңыз.




2. Барлық кептелген парақтарды шығарыңыз.



 **ЕСКЕРІМ:** Парақтар жыртылса, басып шығаруды бастамас бұрын барлық үзіктерінің алынғандығына көз жеткізіңіз.


3. Артқы есікті жабыңыз.




Шығару науасындағы кептелу


1. Шығару науасындағы қағаздың кептелуін тексеріңіз.

2. Барлық көрініп тұрған медианы алып тастаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Парақтар жыртылса, басып шығаруды бастамас бұрын барлық үзіктерінің алынғандығына көз жеткізіңіз.



3. Тазарту үшін артқы есікті ашып, қайта жабыңыз.



Баспа сапасының мәселелері

Кей жағдайларда сіз баспа сапасының мәселелеріне тап болуыңыз мүмкін. Келесі бөлімдердегі ақпарат бұл мәселені танып, шешімін табуға көмектеседі.

Баспа сапасын жақсарту

Әрқашан принтер драйверінің **Type is** (Түрі) параметрі пайдаланып отырған қағаз түріне сәйкес келетіндігін тексеріп жүріңіз.

Баспа сапасы мәселелерін болдырмау үшін принтер драйверіндегі баспа сапасы баптауларын пайдаланыңыз. [Принтер драйверін ашып, баспа параметрлерін өзгертіңіз 14-бетте](#) қараңыз.

Баспа сапасына әсер ететін параметрлерді дәлдеу үшін HP ToolboxFX ішіндегі **Device Settings** (Құрылғы Параметрлері) аумағын пайдаланыңыз. [HP ToolboxFX көру 83-бетте](#) қараңыз.

Оған қоса, баспа сапасы мәселелерінің ақаулықтарын түзету үшін HP ToolboxFX пайдаланыңыз. [Баспа сапасының мәселелерін шешу үшін HP ToolboxFX пайдаланыңыз 130-бетте](#) қараңыз.

Баспа ақаулықтарын танып түзетіңіз

Баспа сапасы мәселелерінің шешімін табу үшін осы бөлімдегі бақылау кестесі мен баспа сапасы мәселелерінің кестесін пайдаланыңыз.

Баспа сапасы мәселелерінің бақылау кестесі




Негізгі баспа сапасы мәселелері келесі бақылау кестесін пайдалану жолымен шешілуі мүмкін:





1. Пайдаланып отырған қағазыңыз немесе баспа құралыңыз ерекшеліктерге сәйкес екендігіне көз жеткізіңіз. Негізінен, қағаз тегіс болған сайын, нәтиже жақсара түседі.
2. Сіз жапсырма, диапозитив, жылтыр немесе бланк сияқты арнайы баспа баспа құралын пайдаланып отырсаңыз, түріне сәйкес басып отырғандығыңызға көз жеткізіңіз.
3. Конфигурациялау Беті мен жабдықтар бетін басып шығарыңыз. [Ақпараттық беттерді басып шығару 82-бетте](#) қараңыз.
 - Қандай да жабдықтардың аз немесе жоқтығын тексеру үшін жабдықтар бетін қараңыз. HP емес баспа картридждері бойынша ақпарат жоқ.
 - Беттер дұрыс басылмаса, мәселе аспаптық құралда болып табылады. HP Тұтынушыларды Қолдау қызметімен хабарласыңыз. [Қызмет және Қолдау 141-бетте](#) немесе қорапқа салынатын флайерді қараңыз.
4. HP ToolboxFX ішінен таныстыру бетін басып шығарыңыз. Бет басылып шығарылса, ақаулық принтер драйверімен байланысты.




5. Түрлі бағдарламалардан басып шығарып көріңіз. Бет дұрыс басылып шығарылса, мәселе сіз басып шығарып отырған бағдарламамен байланысты.
6. Компьютеріңізді өшіріп, қайта қосыңыз және қайта басып шығарып көріңіз. Мәселе шешілмесе, өзге опцияларды пайдаланып көріңіз:
 - Мәселе барлық басылатын беттерге әсер етсе, [Негізгі баспа сапасының мәселелері 124-бетте](#) қараңыз.
 - Мәселе тек әр түсті басылатын беттерге ғана әсер етсе, [Түсті құжаттардағы мәселелерді шешу 128-бетте](#) қараңыз.





Негізгі баспа сапасының мәселелері


Келесі мысалдарда өнім арқылы қысқа жиегімен бірінші өтетін Letter өлшемді қағаз бейнеленген. Бұл мысалдарда, әр түсті немесе тек қара түсте басуыңызға қарамастан, сіз басып отырған барлық беттерге әсер ететін мәселелер сипатталған. Тақырыптардың соңында сондай мысалдың әдеттегі себебі мен шешімінің тізімі бар.

Мәселе	Себебі	Шешімі
